



ҰЛТТЫҚ БАНК ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовті қабылдады.

Мемлекет басшысына Ұлттық банктің былтыр жүзеге асырған ақша-кредит саясатының қорытындысы туралы есебі мен 2025 жылға арналған монетарлық реттеу жоспары баяндалды.

Президентке Қазақстан экономикасы мен қаржы жүйесінің ахуалы, іскерлік белсенділік, инфляция факторлары, сондай-ақ бағаны тұрақтандыру және инфляция деңгейін ортамерзімді мақсатқа сәйкес 5 пайызға жеткізу үшін қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2024 жылдың қорытындысы бойынша, инфляция Ұлттық банктің болжаған шегінде қалыптасқаны, яғни 8,6 пайызды құрағаны айтылды. Тимур Сүлейменовтің айтуынша, сыртқы инфляциялық қысым күшейіп, ішкі инфляциялық тәуекелдер әлі де сақталып отыр.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Ұлттық қордың активтері, алтын-валюта резервтері және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жай-күйі жөнінде ақпаратты тыңдады. Атап айтқанда, 2024 жылы Ұлттық қор активтерін басқарудан түскен табыс 7,5 пайызға артып, 4,5 миллиард долларды құраған. Ал Ұлттық банктің алтын-валюта резервтері 45,8 миллиард долларға жетіп, 27,4 пайызға

ұлғайған. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін басқарудан түскен инвестициялық табыс 3,4 триллион теңгені құрады. Ал кіріс көрсеткіші инфляциядан екі есе асып түсіп, 17,8 пайызға жетті.

Президентке валюта нарығындағы жағдай таныстырылып, теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылып жатқан шаралар туралы баяндалды.

Бұдан бөлек, Тимур Сүлейменов банк секторындағы жағдайдың тұрақтылығы, депозиттер базасының қалыптасуы, сондай-ақ қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары мен макропруденциялық саясаттың тиімділігін арттыру жоспары жөнінде айтты.

Ұлттық банк төрағасы Президентке Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын дамыту нәтижелері мен Антифрод-орталығының қызметін таныстырды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы инфляцияны тежеп, қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету маңызды екеніне назар аударды. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк пен Үкімет макроэкономикалық саясатты үйлесімді жүргізуі қажет екенін атап өтіп, Ұлттық банк қызметіне қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.



ЕҢ ҮЗДІК 50 ПОШТА ОПЕРАТОРЫ ҚАТАРЫНА КІРДІ

Мемлекет басшысы «Қазпошта» АҚ басқарма төрағасы Әсел Жанасованы қабылдады.

Президентке компанияның былтыр атқарған қызметінің нәтижелері, қаржылық жағдайы, сондай-ақ дамудың перспективті бағыттары туралы есеп берілді. Әсел Жанасованың айтуынша, соңғы екі жылда «Қазпошта» таза табыс тауып, бюджетке 45 миллиард теңге көлемінде салық және баж алымдарын төледі.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа компания Дүниежүзілік пошта одағының рейтингісі бойынша алғаш рет ең үздік 50 пошта операторының қатарына кіргені жөнінде баяндалды. Тасымал үдерісін оңтайландыру есебінен пошталық жөнелтілімдердің көлемі 26 пайызға өсті. Атап айтқанда, 20 миллион, соның ішінде 9 миллион халықаралық сәлемдеме жеткізілген.

Мемлекет басшысына HomePost жобасының жүзеге асырылу барысы таныстырылды. Аталған бастама аясында үй жанындағы дүкендер аумағында тапсырыстарды беруге арналған 180 пункт ашылды. Биыл олардың саны 1 мыңға жетеді. УТО Express компаниясымен ынтымақтастық шеңберінде пошталық инфрақұрылымды жаңғыртуға 50 мил-

лион доллар көлемінде инвестиция тартылды.

«Қазпошта» АҚ басқарма төрағасы Президентке қызмет сапасын жақсарту мақсатында енгізілетін инновация жайында айтты. Осы орайда Japan Post, Toshiba және Cainiao компанияларымен көлік және логистика салаларында бірлескен жобалар жүзеге асырылып жатыр. Бұдан бөлек, халықаралық маркетплейстерге қолжетімділікті қамтамасыз ететін Keueen сервисі дамып келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ақтөбе әуежайында мультимодальды қойма салу жоспарланып отырғаны жөнінде айтылды. Аумағы 15 мың шаршы метр болатын бұл нысан Түркияның S-Sistem компаниясымен серіктестік негізінде бой көтереді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы компанияның қаржылық жағдайын жақсарту, еліміздің ТМД-ға бағытталған көлік-логистика әлеуетін электронды сауда саласында дамыту және цифрлық шешімдер енгізу бойынша жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.

Ақылбек КҮРІШБАЕВ,

Ұлттық ғылым академиясының президенті:

АКАДЕМИЯНЫҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ ҚАЛЫПТАСУЫ АЯҚТАЛДЫ



Жуырда Мемлекет басшысы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаевты қабылдап, отандық ғылымды дамыту мәселелері талқыланды. Кездесуде бір жыл бұрын ғана жаңа мәртебе берілген Ұлттық ғылым академиясы отандық ғалымдардың күш-жігері біріктіріп, ғылым мен экономикаға нақты пайда әкелетін жаңалықтар енгізу қажеттігі сөз болған. Осыған орай, біз Ұлттық ғылым академиясында атқарылып жатқан игі істер мен ғалымдарды, талантты жастарды тарту мәселесі жөнінде білгіміз келіп, Ақылбек Қажығұлұлымен сөйлескен едік.

(Жалғасы 6-бетте)



ТҰҚЫМ ҚҰРТАТЫН ТҰҚЫЛ

Бүгінде қазақстандық ерлердің 39,8%-ы, әйелдердің 7,6%-ы шылым шегеді. Көк түтінді бұрқырататындардың саны ауылда көп, үлесі – 22,3%. Қалалық жерлерде – 20%.



АЙЫППҰЛ – БҰЛ НЕ ДЕГЕН ҒАЙЫП ПҰЛ?!

Айыппұл салу – құқықтық тәртіпті сақтаудағы маңызды тетік. Ол заңбұзушылықтардың алдын алуға, жауапкершілік пен тәртіпті нығайтуға бағытталған.

25 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ



СЕНАТОРЛАР ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫ ЖӨНІНДЕ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТКІЗДІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Солтүстік Қазақстан облысының еңбек ұжымдарымен, мәслихат депутаттарымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерімен, қоғамдық және діни бірлестіктердің өкілдерімен кездесті. Өңірге сапар барысында Мемлекет басшысының Жұмысшы мамандықтары жылы аясындағы және аймақтардың өсіп-өркендеуіне жол ашатын жаңа өндіріс орындарын дамыту жөніндегі тапсырмаларын іске асыруға қатысты мәселелер де талқыланды. Бұл ретте маңызды бағыттар бойынша Сенат пен мәслихаттардың бірлескен жұмысы ерекше мәнге ие екені айтылды.

Палата Төрағасы «Қазақстан өңірлерінде еңбек ресурстарын дамыту: қазіргі жағдайы мен келешегі» тақырыбына арналған дөңгелек үстелге қатысты. Ол өз сөзінде Мемлекет басшысы Жолдауда белгілеп берген басымдықтардың бірі – аймақтардың өсіп-өркендеуіне жол ашатын жаңа өндіріс орындарын дамытудың маңызына назар аударды. Мәулен Әшімбаев атап өткендей, бұл мақсатқа қол жеткізу үшін білікті, кәсіби мамандар мен барлық деңгейде кешенді жұмыс жүргізу қажет.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ана тілі газетіне берген сұхбатында экономиканың өсуін қамтамасыз ету – алдымызда тұрған басты міндет екенін атап өтті. Қазіргі таңда елімізде салалық мамандар – инженерлер, энергетиктер, су шаруашылығы мамандары, агрономдар, мал дәрігерлері және басқа да маңызды мамандықтардың өкілдері сұранысқа ие. Сондықтан Мемлекет басшысы 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялады. Бұл ретте аталған мамандарды даярлап қана қоймай, елімізде ерекше еңбек мәдениетін қалыптастыру, еңбек адамдарына құрмет көрсетуге тәрбиелеу, еңбексүйгіштік пен кәсіпқойлық құндылықтарын дәрліктеу аса маңызды. Еңбек адамдары – ел дамуының негізі. Сол себепті жұмысшы мамандықтардың беделі жоғары деңгейде болуы керек», – деді Сенат Спикері.

Осы орайда облыстардың сапалы экономикалық дамуын олардың ерекшеліктері мен бүгінгі проблемаларын ескере отырып қамтамасыз етуді көздейтін нақты шараларға баса мән берілді. Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, еңбек ресурстарының тапшылығы, әртүрлі өңірлер, қала мен ауыл және мамандықтар арасындағы еңбек диспропорциясы, теңгерімсіз урбанизация, демографиялық дағдарыс қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелер болып саналады. Оларды шешу үшін барлық мүдделі тараптың күш-жігерін ортақ мақсатқа жұмылдыру қажет.

«Өңірлер арасындағы еңбек ресурстарының теңгерімін қамтамасыз ету – маңызды міндет. Түркістан, Жамбыл облыстары сияқты еңбек ресурстары артық өңірлер мен жұмыс күші жетіспейтін аймақтар бар. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысы. Аталған мәселеге бұл өңірдегі халықтың табиғи кему үдерісі де өз салдарын тигізуде. Бүгінде Солтүстік Қазақстан облысында туу көрсеткіші төмен, ал өлім-жітім жоғары деңгейде. Бұл экономикалық өсудің баяулауына және өндіріс әлеуетінің төмендеуіне әкелетін проблемалар туындатады. Демографиялық үрдістер мен экономикамыздың қажеттіліктерін ескере отырып, еңбек ресурстарының ішкі көші-қонын жүйелеу, кадрларды ротациялау, жастарды оқыту және жұмысқа орналастыру бағдарламаларын жандандырудың маңызы зор екенін аңғарамыз. Бұрынғы тәжірибені талдап, ол бағдарламалардың неге тиімсіз болғанын зерделеп, елімізде еңбек көші-қонының ауқымын арттыруға қажетті қадамдар мен тетіктерді пысықтаған жөн», – деп, палата Төрағасы еңбек көші-қоны бағдарламаларын одан әрі дамыту керек екенін атап өтті.

Мәслихат депутаттарымен және өңір жұртшылығымен кездесу кезінде Мәулен Әшімбаев Солтүстік Қазақстан облысының агроөнеркәсіптік әлеуетіне тоқталып, Сенат депутаттары оны іске асыруға заңнамалық деңгейде қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді. Осыған байланысты индустриялық және инфрақұрылымдық жобалар, сондай-ақ бірлескен жұмыстың басқа да негізгі бағыттары сөз болды. Сонымен қатар кездесуде инфрақұрылымды жаңғырту, оның ішінде ауылдардағы электр желілерін жанарту мәселесі аса маңызды екені айтылды.

«Облыста инфрақұрылымды жаңғыртуға да баса мән беріліп отыр. Атап айтқанда, былтыр 2-ші ЖЭО-да жаңа мұржаның құрылысы аяқталды. Ауылдық жерлерде электр желілерін жанарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сенаторлар 2025 жылға арналған республикалық бюджетті қарау барысында Солтүстік Қазақстан облысының ұсыныстарын назарға алды. Соның нәтижесінде, маңызды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қосымша қаражат бөлінді. Нақты айтар болсақ, олар – ауылдарды сумен, жылумен жабдықтауға және өңірлік даму салаларына қатысты жобалар. Алдағы уақытта палата осы өңірден сайланған сенаторлармен бірге Солтүстік Қазақстан облысының жан-жақты дамуына қажетті көмек пен қолдау көрсетуді жалғастыра береді», – деп, Мәулен Әшімбаев мәслихат депутаттарын Парламенттің заңнамалық жұмысына белсенді қатысуға және өңірлердегі өзекті проблемаларды шешуге арналған тұжырымдамалық ұсыныстар әзірлеуге шақырды.

Кездесуге Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері мен өңірдегі дін өкілдері де қатысты. Парламент депутаттары олармен бірге рухани дипломатияны дамытуға қатысты маңызды мәселелерді талқылап, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі аясындағы мақсат-міндеттерді іске асыру жөнінде пікір алмасты.

Сонымен қатар сапар аясында сенаторлар 6 мыңнан астам студент оқитын Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне барып, оқу орнының білім беру ісімен, ғылыми-зерттеу қызметімен және одан әрі даму стратегиясымен танысты. Сондай-ақ депутаттарға мал, өсімдік шаруашылықтарына арналған зертханалары бар оқу-зертханалық корпусының қызметі таныстырылды. Онда тәжірибелер мен ғылыми зерттеулер жүргізіледі.

Сенат Төрағасы Азаматтарды қабылдау орталығының қызметімен де танысты. Одан бөлек, «Зеленый Север» ЖШС жылыжай кешені мен Nord Panels ЖШС ағашты терең өңдеу зауытының еңбек ұжымдарымен жүздесті.

Мәулен Әшімбаев Quzylyar Creative Center креативті индустрия орталығында Sensitive инклюзивті би тобының ұжымымен кездесті. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатымен іске асырылған бұл жоба жастардың өңірден кетуін азайту үшін тиісті жағдай жасай отырып, креативті экономикаға қажетті мамандар даярлауға, жас таланттардың қабілеттерін шыңдауға және оларға қолдау көрсетуге ықпал етіп келеді.

ҚАТАРМЕН БІРҚАТАР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Депутаттарға Қатар мемлекетімен қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету және ұстап беру туралы келісімдерді ратификациялау жөніндегі заң жобаларын қарастыру ұсынылды. Келісімде қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету мәселелері жөніндегі ынтымақтастыққа жауапты орталық органдар айқындалып, өзара іс-қимыл мәселелері реттеледі. Сондай-ақ процестік әрекеттерге қатысушылардың құқықтары белгіленеді. Экстрадициялау туралы келісім екі елдің құзыретті органдары арасындағы қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін адамдарды беру мәселелеріндегі құқықтық қатынастарды реттейді.

Екінші оқылымда мәжілісмендер денешынықтыру және спорт, сондай-ақ нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін болғызбау мәселелері туралы заң жобасын қарайды.

Сондай-ақ Мәжіліске келіп түскен жаңа заң жобалары күн тәртібіне енгізілді. Олардың қатарында тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау мәселелері бойынша түзетулер және жеке тұлғаларға лизинг енгізу мәселелері бар.

41 МЫҢ АДАМ ӨТЕМАҚЫ АЛАДЫ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Олжас Анафин биыл қанша адамға тұрғын үй көмегі ретінде коммуналдық өтемақы берілетінін айтты.



– 2024 жылы жергілікті атқарушы органдар 17,5 мың отбасына немесе 41,2 мың адамға жалпы сомасы 592 млн теңгенің тұрғын үй көмегін көрсетті. Биыл жергілікті бюджеттерден тұрғын үй көмегін төлеу үшін 41,9 мың алушыға 1,5 млрд теңге қарастырылған, – деді Олжас Анафин.

Бұл көмекті алу үшін электрондық үкімет порталы арқылы (egov.kz) немесе халыққа қызмет көрсету орталықтарында өтініш беруге болады.

– Тұрғын үй көмегі коммуналдық қызметтерді төлеуге, тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстары жергілікті өкілді органдар белгілейтін, шығыстардың рұқсат етілген шекті үлесінен асатын азаматтарға көрсетіледі. Шекті рұқсат етілген үлестің мөлшері шығынның 10%-ынан аспау керек. Көмектің бұл түрі жалғыз баспанасы бар адамға әлеуметтік мәртебесіне қарамастан жергілікті бюджет қаражаты есебінен беріледі, – деді ол.

Дайындаған Мейір ЖАСЫН

БАҒДАР

25 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ



«ТАЗА БЕЙСЕНБІ» АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында «AMANAT» партиясы кезекті рет экологиялық «Таза бейсенбі» акциясын өткізді.



Маңғыстау облысында партия мүшелері Мұнайлы ауданының Маңғыстау ауылындағы Тәуелсіздік алаңын тазалау жұмыстарын ұйымдастырды. Олар аланды арамшөптерден арылтып, қураған өсімдіктерді шауып, шамамен 300 келі қоқыс жинады.

Шымкент қаласында партияның қалалық және аудандық филиалдарының қызметкерлері №8 шағынауданындағы тұрғын үйлердің аулаларында қар тазалау жұмыстарын жүргізді. Олар бала-

лар алаңындағы мұзды ойып, кіреберістердің жанындағы орындықтарды және автотұрақ орындарын тазалады. Бұл арқылы партия мүшелері жергілікті тұрғындарға көмек беріп қана қоймай, коммуналдық қызметкерлердің қиын еңбегін қолдауға да үлес қосты.

Батыс Қазақстан облысында партия мүшелері Бөкей ордасы ауданының бірнеше ауылын аралап, зейнеткерлерге шөп жинау, отын дайындау және малға қарау бойынша көмек көрсетті.

Қызылордада «AMANAT» партиясының мүшелері «Тағзым» алаңында қар тазалау жұмыстарын жүргізді. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан қызылордалықтардың есімдері жазылған ескерткіш орналасқан Даңқ аллеясы бойында да тазалау жұмыстары атқарылды.

«Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды. Әрқайсымыздың борышымыз — әкелеріміз бен аталарымыздың ұлы ерлігі туралы, бейбітшіліктің қаншалықты нәзік екенін, тыныштық пен тұрақтылықты әрдайым сақтау қажет екенін жастарға жеткізу. Сонымен қатар мұндай акциялар тәрбиелік мәнге ие, жастар облысымыздың батыр тұлғаларының есімдерін білуге тиіс», — деді Қызылорда қалалық филиалының атқарушы хатшысы Гүлшат Мұсаева.

Айта кетейік, қар мен қоқыс тазалау бойынша осындай шаралар еліміздің барлық өңірлерінде өтті.

Еске сала кетейік, былтырғы 6 маусымнан бастап «AMANAT» партиясының мыңдаған белсендісі мен мүшелері әр бейсенбі сайын «Таза бейсенбі» акциясына қатысып келеді. Олар қалалар мен ауылдарды, саябақтар мен скверлерді, ескерткіштер мен су айдындарын қоқыстан тазартады. Бүгінге дейін 90 мың тонна қоқыс жиналып, 50 мың адам акцияға қатысты. Сонымен қатар белсенділер 100-ден астам өзен-көл мен су айдындарын тазартып үлгерді.

ПАРТИЯЛЫҚ БИЛЕТ ТАБЫСТАЛДЫ

Астананың көшбасшы әйелдері «AMANAT» партиясының қатарына қосылды. Елордадағы «Е.Рахмадиев атындағы филармония» бастауыш партия ұйымының алаңында мәдениет, спорт, бизнес, денсаулық сақтау, білім беру және басқа да салалардың белсенді 18 өкілі партия мүшелігіне қабылданды.

Партиялық билеттерді табыстау рәсімінде «AMANAT» партиясының Хатшысы, Әйелдер қанатының төрайымы Шолпан Каримова партия ең алдымен құндылықтары мен мақсаттары ортақ жандардың ұйымы екенін атап өтті.

«AMANAT» партиясы — елдің негізгі саяси күші әрі Мемлекет басшысының басты қоғамдық тірегі. Партия мүшелерінің басым көпшілігі — әйелдер екені айрықша маңызға ие. Олардың үлесі шамамен 66%-ды құрайды. Сондықтан әйелдердің қоғам өмірінде және елдің жан-жақты дамуы жолында шешуші рөл атқаратынын сеніммен айта аламыз. Біз әйелдердің қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысуы, әйелдер кәсіпкерлігін қолдау, сондай-ақ гендерлік теңдікті қамтамасыз ету үшін жүйелі түрде жұмыс істеп келеміз», — деді ол.

Партия Хатшысы жаңа мүшелердің «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын сапалы жүзеге асыруға, сондай-ақ сайлаушылардың сенім деңгейін арттыруға өз үлестерін қосып, тың



идеялар енгізуіне барлық мүмкіндіктері бар екенін де атап өтті.

Партия қатарына қабылданғандардың арасында белгілі параспортшы Айсұлу Сүлейменова, Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігі мен гендерлік теңдікті дамыту коалициясының мүшесі Сания Ирсалиева, «Отбасы банк» АҚ Астана қалалық филиалының директоры Жанар Ізімбетова және тағы басқалар бар.

«Бүгін партия қатарының толықтырылуы — жай ғана ресми

рәсім емес. Бұл — елорданың белсенді және мақсатшыл әйелдерінің қоғамымыздың дамуына жауапкершілік алуға дайын екендігінің айқын көрінісі. Олардың кәсіби тәжірибесі, энергиясы мен тың идеялары партия мақсаттарын жүзеге асыру мен азаматтардың бізге деген сенімін арттыру жолында қуатты серпін беретініне сенімдіміз», — деді «AMANAT» партиясы елордалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Бөлісбек.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай Сингапурде өткен мемлекеттік басқару көшбасшыларының жаһандық форумына және Жаһандық үкіметтік саммитке қатысты. Іс-шара Сингапур, Канада, Ұлыбритания, Молдова, Эстония, Моңғолия елдерінің мемлекеттік қызмет саласындағы түрлі құрылым басшылары және жоғары лауазымды өкілдерінің қатысуымен өтті.

СИНГАПУРДА ӨТКЕН ЖАҒАНДЫҚ ФОРУМ



Форумда мемлекеттік қызметте жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану мен цифрлық трансформацияны жүзеге асыру, таланттарды іріктеу, мемлекеттік қызметшілер арасында жоғары әдеп стандарттарын қалыптастыру, адами ресурстарды басқару мәселелері талқыланды.

Панельдік сессияда сөз сөйлеген МҚІА төрағасы Дархан Жазықбай Агенттікті толыққанды стратегиялық HR институтқа айналдыру бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алға қойған міндетті жүзеге асыру аясында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, мемлекеттік қызметте рекрутинг әдістерін қолдану, кадрлық әлеуетті арттыру және таланттарды тарту, іріктеудің цифрлық жүйесін енгізу, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке конкурстық іріктеусіз қабылдау, мемлекеттік қызметтің гибридік моделін қалыптастыру бойынша еліміздің тәжірибесімен бөлісті.

Қатысушылар мемлекеттік қызметте адам ресурстарын басқару, жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалануға қатысты тәжірибелерді ортаға салып, жасанды интеллект саласындағы инновациялар үшін «қолайлы орта» құру, оны дұрыс қолдануды қамтамасыз ету мәселелеріне назар аударды.

Шетелдік сарапшылар Қазақстанның талантты жастарды, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке тарту және оларды тұрақтандыру, мемлекеттік қызметке қабылдауды цифрландыру, мемлекеттік қызметтің гибридік моделін қалыптастыру тәжірибесіне қызығушылық танытты.

Іссапар аясында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай Сингапурдің Мемлекеттік қызмет басшысы Лео Иппен

екі жақты кездесу өткізді. Кездесуде Сингапур мемлекеттік қызмет колледжі мен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекет басқару академиясы арасындағы өзара түсіністік меморандумы аясында мемлекеттік қызметшілердің әлеуетін арттыру бойынша 2025 жылы жүзеге асырылатын іс-шаралар талқыланды.

Сондай-ақ Агенттік төрағасы Сингапур ұлттық университеті және Наньянг технологиялық университетінің басшылығымен мемлекеттік қызметшілердің құзыреттілігі және кәсіби дағдыларын арттыруға қатысты өзара ынтымақтастық кездесулерін өткізді.

Нәтижесінде, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен Сингапур Ұлттық университеті арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандум аясында мемлекеттік басқару мен қызметте озық тәжірибе алмасу, басшылық лауазымдағы мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру бойынша қысқа мерзімді оқыту курстары мен семинарларын ұйымдастыру, Ли Куан Ю мемлекеттік саясат мектебінің оқу бағдарламалары бойынша оқыту көзделуде.

Сонымен қатар форум аясында МҚІА төрағасы Дархан Жазықбай мемлекеттік қызметті дамыту және оны цифрландыру мәселелері бойынша Ұлыбритания Мемлекеттік қызметінің бас директоры және Министрлер кабинетінің тұрақты хатшысы Кэтрин Литлмен, Эстонияның Үкімет кеңсесінің Мемлекеттік хатшысы Таймар Петеркоппен, Моңғолияның Мемлекеттік қызмет кеңсесінің төрайымы Цэдэвсүрэн Лхагвамен ынтымақтастық кездесулерін өткізіп, өзара тәжірибе алмасу бойынша келісімге келді.

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

25 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ



Мұқаш ЕСКЕНДІРОВ,
Мәжіліс депутаты:

СЕРТИФИКАТТАУ ТАЛАП ЕТУ ҒАНА ЕМЕС, ҚОЛДАУ ҚҰРАЛЫНА ДА АЙНАЛАДЫ

Елімізде «Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін» енгізу жоспарлануда. Бұл туралы Мәжілістің жалпы отырысында айтылды. Онда күн тәртібінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тауарлардың шығарылған елін айқындау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда қаралған болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген құжатты даярлауға М.Ескендіров, С.Алдашев, Ш.Бұқтұғұтов, Б.Қаниев, Ә.Нәутиев, Л.Рысбекова, Д.Тұрғанов және С.Шайдаров сынды Парламент депутаттары бастамашы болған екен. Осы ретте «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Мұқаш Ескендіровпен сұхбаттасқан едік.

— Мұқаш Зұлқарнайұлы, сертификаттау саласындағы бүгінгі қалыптасып отырған ахуал қандай? Заң жобасын ұсынуға мақсат не?

— 2023 жылғы қыркүйек айындағы Қазақстан халқына Жолдауында Қасым-Жомарт Кемелұлы сертификаттау саласын реттеуді тапсырған болатын. Осыған байланысты заң жобасы бізге күзде келіп түсті. Содан бері жұмыс тобының 10-нан артық отырысы өтті. Депутаттар 147-ден астам ұсыныс енгізді. Парламент Мәжілісінің комитеттері оң қорытындыларын берді.

Заң жобасының негізгі мақсаты — қазақстандық нақты тауар өндірушілерді айқындауға мүмкіндік беретін, олар туралы және олар өндіретін тауарлар туралы ақпаратқа қол жеткізудің бірінші нүктесін қамтамасыз ететін, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыратын Тізілімді (реестр) енгізу. Бұл импорттық тауарларға тәуелділікті төмендетуге, жоғары локализация деңгейі бар өндірістік циклды қалыптастыруға, заманауи технологияларды жеткізуге, олардың трансферті мен жана өндірістерді локализациялауға мүмкіндік береді.

Қазір үш түрдегі сертификат қолданыста екені белгілі. Олар — СТ-KZ, индустриалды сертификат және экспорттық тауар шығу сертификаттары. Бұл құжаттардың барлығын әрісі 2008, берісі 2019 жылдан бері «Атамекен» кәсіпкерлердің ұлттық палатасы береді. Бүгінде сертификаттау процесі жоғары деңгейдегі адами фактор ықпалына ие екенін жасыруға болмайды. Сондай-ақ олар мемлекеттік ақпараттық жүйелермен, өндірушілердің бірінші дерекқорымен интеграцияланбаған. Бұл кемшіліктер сертификаттау процедураларының объективтілігі мен ашықтығына қауіп төндірді. Сондай-ақ қазіргі сертификаттау процесі едәуір уақыттық және қаржылық шығындарды талап етеді, бұл шағын және орта бизнес үшін қиындық тудырып отыр. Әрі сертификаттар ақылы және жеке сарапшылардың қорытындысы негізінде беріледі. Мәселен, осы күнге дейін

елімізде 50 мыңнан астам СТ-KZ сертификаты мен 1 мыңнан артық индустриалды сертификат берілген екен. Сертификатқа өтініш бергеннен кейін тауар өндірушілер өндіріс орнына сарапшыларды шақырады, оларға еңбегі үшін ақы төлейді. Айталық, СТ-KZ құжатын алу үшін 16 мыңнан 500 мың теңгеге дейін, ал индустриалды сертификатқа 350 мың теңгеге дейін төлеу керек. Бұған сарапшылардың іссапар шығындары қосылады. Бұл енді ресми төленетін ақшасы. Егер сарапшы өндіріс орнында он күн жүрсе, кәсіпкер оның күн сайынғы шығынын төлейді. Яғни, қазір СТ-KZ пен индустриалды сертификаттың пайдасынан гөрі зиянын көріп жатқандар көбірек болып отыр.

Міне, осыған байланысты заң жобасы аясында енгізу жоспарланып отырған Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімі қолданыстағы барлық өндірушілердің тізімін біріктіріп, СТ-KZ мен индустриалды сертификаттарды функционалды түрде алмастыратын болады. Қазіргі ұсынып отырған бірінші реестрге кәсіпорындар ақысыз енгізіледі және оған қосылу мерзімі бойынша шектеулер болмайды, бұл бизнес үшін уақыт пен қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді. Тізілім биыл қолданысқа енгізілмек, ал СТ-KZ нысанындағы сертификаттар мен индустриалды сертификаттар 2026 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста қалады. Заң қабылданып, реестр іске қосылса, қазақстандық кәсіпкерлер «Атамекеннің» артынан жүгірмейді. Сол сияқты қазір бірнеше түрлі тізілім бар, олар «Самұрық-Қазына» тізілімі, жиһаз өндірушілерінің отандық тізілімі, индустриалды сертификаттар берілген отандық тауар өндірушілердің тізілімі, «Қазақстандық құрамдас бөліктер» интернет-порталы және тағы басқалар. Міне, осылардың барлығын біріздендіру керек.

— Заң жобасында нендей жаңашылықтар бар?

— Ал енді жаңа заң жобасының новелласына келсек, құжат жаңа айтқандай қолданыстағы сертификаттардың орнына Қазақстанда

шығарылған тауарлар тізілімін (реестр) жасауға, отандық өндірушілерді қолдауға, Қазақстандық тауар үлесін арттыруға бағытталған. Мәселен, сараптаманы цифрландыру, толыққанды ақпараттық жүйе құру, отандық өндірушілерді қолдауға бағытталған мемлекеттік бюджет қаражатының тиімді жұмсалуды қамтамасыз ету қарастырылған. Заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар тарапынан келесідей маңызды ұсыныстар енгізіліп, ол Үкімет қорытындысында қолдау тапты.

Біріншіден, заңда уәкілетті орган ретінде Өнеркәсіп және құрылыс министрлігін (ӨҚМ) айқындалды, Тізілімнің атауын және оны жүргізу тәртібін өзгертетін түзетулер енгізілді. Олар — цифрлық верификация жасай әрі өндірісті бағалай отырып Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін (реестр) құру.

Екіншіден, Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізу үшін өндіріс жағдайларына, өн-

жүргізу шеңберінде онсыз да бақылау жүзеге асырылмақ. Мәселен, реестрге енгізер алдында кәсіпорында қанша тауар өндіреді, қанша адам жұмыс істейді, қанша салық төлейді, соның барлығы тексерілетін болады. Оның қорытындысында не кіргізеді, не толықтыруға жібереді, не қарсымен деген ұйғарым шығарады. Осылайша, жалған тауар өндірушілерге тосқауыл қойылады.

— Нақты артықшылықтарын санамалап бере аласыз ба?

— Тізілімді енгізу Қазақстанда жұмыс істейтін тауар өндірушілер туралы өзекті ақпаратқа қол жеткізудің бірегей нүктесін құруға мүмкіндік береді. Өндірісті растау жүйесіндегі қазіргі жағдайда мемлекеттік қолдау шаралары көбінесе нақты бағытталмаған, бұл олардың тиімділігін төмендетіп отыр. Экономиканы дамыту және әртарапандыру бағытындағы мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде

қатысатын болады. Тізілімді енгізу өтініш беруші мен әкімші арасындағы байланыстарды минимизациялауға мүмкіндік береді.

— Бұл жаңалық кәсіпкерлер қауымына ендігісі қызық боп жатқан болар. Ендеше тізілімге ену жолы қандай?

— Тізілімді қалыптастыру және жүргізу бірнеше кезеңнен тұрады: өтініш беру, цифрлық верификациялау, өндірісті бағалау және тізілімге қосу немесе қоспау туралы шешім қабылдау. Мұнда толыққанды ақпараттық жүйе болады және ол қажетті құжаттарды сараптама жүргізу үшін басқа мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияланады. Әлгі ақпараттық жүйеде кәсіпорын қанша электр энергиясын тұтынады, неше адам жұмыс істейді, бюджетке салық төлей ме, сосын бейне-камералар арқылы өндіріс жұмыс істеп тұр ма, жоқ па, солар көрінуі керек. Егер бәрі кәсіпкердің айтқанындай болса, бес жұмыс күні ішінде оны тізімге қосады.

Осы ретте айта кетер жайт, бірінші реестрге қосылу-қосылмау ерікті түрде жүреді. Кәсіпкерлерді оған кіруге ешкім міндеттемейді. Егер мемлекеттік сатып алуға қатысқысы келетіндер болса, яки ірі квазимемлекеттік кәсіпорындармен, кен өндірушілермен жұмыс істегісі келсе, тізілімге кіру керек. Бұл биыл қаңтардан бастап күшіне енген жаңа Мемлекеттік сатып алу туралы заңда қарастырылған. Болмаса кіру-кірмеуді өзін-өзі білесіз.

Жаңа айтқандай, Қазақстандық тауар өндірушілердің реестріне енген кәсіпорындарға үш ай сайын мониторинг жасалады. Мақсат жұмыс істеп тұрғанын білу. Өкілетті органның қызметкерлері бейне-камералар арқылы тексеріп, егер өндіріс тоқтап тұрса, оның себебін анықтайды, қажет болған жағдайда аяқтай барып тексереді. Егер жұмысы жанданбаса, әрине тізімнен шығарылады, мемлекеттік қолдаудан айырылады. Мұндай тексерулер еліміздегі «жалған» кәсіпорындарды анықтауға көмектеседі. Мәселен, белгілі бір өнімді жасауға Қытайға тапсырыс беріп, оны алып келіп логотип, этикетка, штрих код тағы басқа жабыстырып, өзінің өнімі етіп көресту — әлемде бар практика. Қазақстан да одан тысқары емес. Міне, алдағы уақытта осыған жол берілмейтін болады.

Бұл заң жобасын қабылдағаннан кейін Қазақстандық тауарлар тізілімін енгізу бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірленетін болады. Токетерін айтқанда, сертификаттау талап ету ғана емес, қолдау құралына да айналатын болады.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұрлан ҚОСАЙ



Тізілімді енгізу Қазақстанда жұмыс істейтін тауар өндірушілер туралы өзекті ақпаратқа қол жеткізудің бірегей нүктесін құруға мүмкіндік береді. Өндірісті растау жүйесіндегі қазіргі жағдайда мемлекеттік қолдау шаралары көбінесе нақты бағытталмаған, бұл олардың тиімділігін төмендетіп отыр.



дірістік және технологиялық операцияларға қатысты талаптарды белгілейтін ұсыныстар енгізілді. Оны салалық мемлекеттік органдармен бірге Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі белгілейді.

Үшіншіден, тізілімді қалыптастыру және одан кейінгі мониторинг шеңберінде өндірушілердің өндіріс жағдайын бақылаудың тиімділігін, олар ұсынған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығын арттыруға бағытталған түзетулер енгізілді. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі салалық мемлекеттік органдармен салалық қауымдастықтарды тарта отырып, өндірісті бағалауды жүзеге асырады, ал ұсынылған мәліметтер негізінде өндірісті бағалау мүмкін болмаған жағдайда бұл жұмыстарды көшпелі инспекция құрылып, жүзеге асыратын болады. Мониторинг цифрлық верификациялау арқылы мониторинг 3 айда бір рет жүргізіледі.

Төртіншіден, тауарлардың шығарылған елін айқындау мақсатындағы сараптаманы мемлекеттік бақылау мен лицензиялауды алып тастау туралы ұсыныс қолдау тапты. Өйткені ол бизнес үшін әкімшілік және қосымша жүктеме болар еді. Оның үстіне, тізілімді

мемлекеттік қолдауды тек Қазақстандық тауар өндірушілерге бағыттау жоспарлануда. Бұл тәсіл ресурстарды мақсатты пайдалану, жергілікті өндірісті ынталандыру және Қазақстанда өндірілетін тауарлар мен олардың өндірушілері туралы ақпаратқа бірегей қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді, ұлттық экономиканың дамуына ықпал жасайды. Сондай-ақ адами факторды минимизациялауға және тауар өндірушілерді тізілімге қосу процесін жеделдетуге мүмкіндік береді. Цифрлық деректерді пайдалану жабықтармен, технологиялық операциялармен және тағы басқа манипуляция жасау тәуекелдерін төмендетеді. Компаниялар өздерінің шығу тегін тез растап, реттелетін сатып алуларға қатыса алады, бұл нарықтағы сенімділікті арттыруға ықпал етеді. Әзірленіп жатқан тізілім СТ-KZ сертификаттары мен өнеркәсіптік сертификатты беру тәртібімен байланысты анықталған кемшіліктерді ескере отырып, тауар өндірісін растау жүйесін жетілдіруге бағытталған. Бұдан бөлек, әзірлеу барысында жеке сараптамадан мемлекеттік сараптамаға көшу ұсынылады, онда бизнес өкілдері де

МӘСЕЛЕ

25 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ



Елнар КАБА (colage)

Айхан ШӘРІП

Биыл темекі өнімдерін бөлшек саудада сатудың ең төменгі бағасы тағы көтерілді. Сонымен бірге Ұлттық статистика бюросы жүргізген зерттеу шылымқорлардың саны күрт артқанын анықтады. Темекі тұтынумен күреске бағытталған мемлекеттік саясат неге нәтиже бермей тұр? Құзырлы органдар елге әкелген осындай контрабанда және контрафакт өнімдердің қарқынды өсіп бара жатқанын айтты, дабыл қақты. Күрес жұмысында не кінәрат бар?

КОНТРАБАНДАМЕН КҮРЕСТІҢ ХАЛІ НЕШІК?

Қазақстанда 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап темекінің қорабы қымбаттады. Мемлекеттік кірістер комитетінің хабарлауынша, бұл жаналық Қаржы министрінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №196 бұйрығында қарастырылған. Оған 2024 жылғы 4 шілдеде түзетулер енгізілген болатын.

«Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы» заңының 5-бабы 2-1) тармақшасына сәйкес бұйырамын: 20 (жиырма) фильтрлі, фильтрсіз сигаретке, папиростарға, сигариллаларға және қыздырылатын темекісі бар бұйымдарға 2025 жылғы 1 қаңтардан 870 теңге мөлшерінде ең төменгі бөлшек сауда бағасы бекітілсін», — делінген жаңа редакциядағы бұйрықта.

Айта кету керек, ел Үкіметінің Қаулысымен, бұдан бұрын фильтр-

лі, фильтрсіз 20 сигаретке және папиростарға (1 қорабына) 2020 жылғы 1 қазаннан бастап 470 теңге — ең төменгі құн белгіленген-тін. Яғни, соңғы 5 жылда шылымның бір қорабының ең төменгі бағасы 1,85 есеге, 870 теңгеге дейін өсіп отыр.

Басқаша айтқанда, бұдан былай елімізде 870 теңгеден арзан сигарет, папирос, сигарилла және қыздырылатын темекісі бар бұйымдар болмауға тиіс. Өкінішке қарай, арзан табуға болады екен. Яғни темекіні контрабандалық жолмен сататындар бар. Олар біршама арзан баға ұсынады.

«AMANAT» партиясы фракциясының мүшелеріне жауабында Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин Қазақстанда темекі контрабандасы өршіп тұрғанын жасырмады.

— 2023 жылдың қорытындысында Қазақстанда 1 миллиард 29,4 млн темекі өнімдері таңбаланды. Бірақ оның тек 7,5%-ы бақылау-кассалық машиналар арқылы өтіп, айналымнан шығарылған. Тиісінше, Қаржы министрлігінің бағалауынша, темекі өнімдерін бөлшек саудада сатудан кәсіпкерлік субъектілерінің кірістерінен алынбаған салықтар түріндегі бюджет шығыны 22 миллиард теңгені құрады, — деді С.Жұманғарин.

Сондықтан контрабандалық және контрафакт темекімен күресті күшейту үшін Үкімет оларды таңбалау жөніндегі талаптарды сақтамағаны үшін жауапкершілікті қайта қарап, күшейтуге кірісті. Бұрын темекіге қағаз акциздік марка жабыстырса жететін. 2020 жылғы 1 қазаннан бастап темекі бұйымдарын міндетті таңбалау енгізілді. Отандық бизнес пен сауда орындарына цифрлық коды жоқ темекінің ескі қалдығын 2021 жылғы 1 қазанға дейін сатып жіберуге мүмкіндік берді.

Алайда содан бері жүргізілген полицейлік рейдтер өңірлердегі базарларда цифрлық таңбасы да, акцизі де жоқ темекі бұйымдары-

ның көп сатылатынын әшкереледі. Павлодар облысы бойынша Полиция департаментінің Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкерлері Абай облысындағы әріптестерімен бірлесіп, елге заңсыз әкелінген темекі бұйымдарын өткізу арнасының жолын кесті. Бір мезгілде 2 өңірде бірден 3 жүк көлігі ұсталды. Оларды тінту кезінде жалпы саны 2 миллион қораптан асатын әртүрлі маркадағы сигареттер табылды.

Қос облыстың Мемлекеттік кірістер департаменттерінің мамандары қолға түскен темекінің нарықтық құнын 3 миллион доллардан (шамамен 1,6 миллиард теңгеден) асады деп бағалады.

Алайда Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, қылмыскерлер көбіне жеңіл жазамен, айыппұлмен құтылады. Себебі заң жұмсақ. Сондықтан Парламент «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексіне өзгерістер мен толықтырулар

дарын сатудан алынбаған кірістер түріндегі бюджет шығындары 22 млрд теңгеге азаяды» деп болжанды.

Жалпы, 2022 жылдан 2024 жылдың I тоқсан аралығында республикада 15 миллиард теңгенің заңсыз темекі бұйымы тәркіленіпті. Тәркіленбей, тұтынушысына сатылып кеткені қанша екені белгісіз.

ТЕМЕКІГЕ ТИРЕК БОЛҒАН ФАКТОР КӨП

Ұлттық статистика бюросы жүргізген «Қазақстан Республикасында ересектердің темекіні тұтынуы» атты жыл сайынғы зерттеуі елде қалыптасқан көңілсіз көріністі паш етті. Мемлекеттің темекі бағасын қымбаттатып, контрабандасымен күрескеніне қарамастан елде шылымқорлар саны артып барады.

Зерттеу қорытындысында қазір Қазақстан халқының 20,7%-ы темекі тұтынатынын анықтады. 2023 жылы — 19,4% болатын. Өсім жал-

тың 6,6%-ы тыныстайды, оның 6,2%-ы — темекі шекпейтіндер. Қоғамдық тамақтану орындарында сауалнамаға қатысқан респонденттердің 11,5%-ы темекі түтініне көмілуге мәжбүр екенін айтты. Оның 10,9% — темекі шекпейтіндер, — деп хабарлады Ұлттық статбюро мамандары.

Халықаралық зерттеулер көрсеткендей, жыл сайын әлемде 6 миллионға жуық адам темекінің салдарынан о дүниелік болады. Дүниежүзінде әрбір 6 секунд сайын 1 шылымқор өлетін көрінеді. Жалпы, қазақстандықтар бұл өнімнің денсаулыққа зиян екенінен жақсы хабарлар: темекі ауру тудырады деп есептейтін респонденттердің үлесі 85,8%-ды құрайды. Алайда отбасы мүшелерінің шылым шегуіне қарсы болатынын айтқандардың үлесі бар-жоғы 4,6%!

Energyprom мониторинг агенттігінің сарапшылары да темекі тұтынушылар қатарының өскенін растады. Олар бұған Қазақстандағы сигареттер құнының әлемдегі, тіпті аймағымыздағы ең арзаны болуы да ықпал еткенін жеткізді.

Numbeo порталының дерегінше, 2025 жылғы 22 қаңтардағы жағдай бойынша 1 қорап Marlboro-ның құны Қазақстанда 1,73 доллар тұрды. Бұл — жаһандық рейтингте соңынан санағандағы 3-ші орын. Бізден төмен, тек Вьетнам (1,34 доллар) және Нигерия (1,28 доллар) тұр. Демек, бүкіл әлемде темекінің ең арзаны да Қазақстанда.

Ал саламатты өмір салтын ұстанатын немесе шылымқорлары мейлінше аз 5 мемлекетте темекіні арзанға табуға болмайтыны айқындалды. Мысалы, рейтингте көш бастаған Аустралияда сигареттің бір қорабы кем дегенде 28,51 доллар, Жаңа Зеландияда — 22,65, Ұлыбританияда — 17,28, Ирландияда — 17,08, Канадада — 13,95 доллар тұрады.

Заң ғылымдарының кандидаты Әлия Серәлиева темекі тұтынушылықтың өсуіне ықпал ететін бірнеше факторды атады. Біріншіден, саламатты өмір салтын насихаттау әлсіреді, оны күшейту қажет. Бұрын «Саламатты Қазақстан» сияқты салалық бағдарламалардың бір басымдығы — шылым шегушіліктің алдын алу болатын. Жүздеген білім беру, денсаулық сақтау және басқа мекемелер, меморгандар «темекі тартудан азат аймақтар» деп жарияланды. Емханаларда ондаған «темекіге қарсы орталықтар» ашылды. Бүгінде олардың бәрі адыра қалды.

Екіншіден, темекі өнімдерінің төмен бағасы шылымқорлықтың таралуына тосқауыл қоюға кедергі. Қазақстандағы темекі өнімдерінің құны Аустралиядағыдан 16 есе арзан. Үшіншіден, қоғамдық орындарда шылым шегуге салынған тыйымдарды бұзғандарға айыппұл салына бермейді. Салдарынан, тұрғынүйлердің баспалдақ алаңында, кіреберісінде, кеңселерде, аялдамаларда және басқасында темекіні бұрқырататындар жетерлік.

Мұның сыртында сигареттерді 18-ге толмағандарға сату тыйылмады. Бұрын темекіге қарсы заңнаманың сақталуын тексеретін рейдтер үнемі жүргізілетін. Қазір бизнесіне қорғау мақсатында оған шектеу қойылған. Жастар арасында, ел ішінде түсініктеме жұмыстары да божырады. Осы және басқа мәселелер шешілмей, шылымқорлар саны тек арта бермек.

ТҰҚЫМ ҚҰРТАТЫН ТҰҚЫЛ

енгізу туралы» заң қабылдады. Онда кодекстің 283-бабына кәсіпкерлік субъектілерінің темекі бұйымдарын таңбалау және қадағалау қағидаларын бұзғаны үшін әкімшілік жаза енгізілді.

Бірақ оны да қатал деуге келмейді. Аталған кодекстің 183-бабына сәйкес, темекі бұйымдарын сәйкестендіру құралдарымен таңбалау қағидаларын бұзғаны үшін лицензиясынан айыра отырып, орта кәсіпкерлік субъектілеріне — 200 АЕК (биыл 786 400 теңге), ірі кәсіпкерлік нысандарына — 500 АЕК (1 966 000 теңге) айыппұл са-

ғасты. Бүгінде қазақстандық ерлердің 39,8%-ы (2023 жылы — 36%), әйелдердің 7,6%-ы (2023 жылы 8,5% болған) шылым шегеді. Көк түтінді бұрқырататындардың саны ауылда көп, үлесі 22,3% (2023 жылы — 19,6%). Қалалық жерлерде — 20% (2023 жылы — 19,3%).

Нақты сандарға келсек, қазақстандықтар 2024 жылы күніне 15,8 млн темекі бұйымын тұтынған. Бұл бір жыл бұрынғыдан бірден 22,6% көп. Темекі бұйымдарының басым бөлігін — 88,8%-ын темекі фабрикалары өндірген өндірістік сигареттер құрады. Былтыр ел күн са-



Energyprom мониторинг агенттігінің сарапшылары да темекі тұтынушылар қатарының өскенін растады. Олар бұған Қазақстандағы сигареттер құнының әлемдегі, тіпті аймағымыздағы ең арзаны болуы да ықпал еткенін жеткізді.

лынады. Жеке тұлғаларға және дара кәсіпкерлерге мұндай айыппұл көзделмеген.

Тек акцизделетін тауарлардың сәйкестендіру құралдарынсыз және есепке алу-бақылау маркаларының өнімді сақтау, өткізу, тасымалдау түрінде жасалған айналымы үшін жеке тұлғаларға — 50, шағын кәсіпкерге — 150, орта кәсіпкерлікке — 200, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 500 АЕК айыппұл салынады. Қазір Парламент пен Үкімет бұл жазаны қатайту үшін заңнамаға түзету енгізу жұмысын жүргізіп жатыр. Өзгерістер қабылданған жағдайда темекі контрабандасымен күрес күшейеді және «5 жыл ішінде темекі бұйым-

ының осындай 14 млн бұйымды шеккен. Бұл бір жыл бұрынғыдан 17,8% жоғары. Екінші орында қолдан оралған темекі (самокрутки) тұр: оның 1,2 миллионын тартқан. Сигара мен сигариллалар саны — 39,7 мың, кальян — 25,6 мың.

Статистика мамандары қазақстандықтардың үлкен бір бөлігі темекі тартпаса да, үйде немесе жұмыста оның түтінін тұрақты жұтуға мәжбүр екенін мойындады. Яғни, пассивті түрде темекі тұтынады.

— Үйде темекі түтінінің әсеріне жалпы халықтың 9,2%-ы ұшырайды: 8,5%-ы темекі шекпейтіндер. Жұмыста темекі түтінімен халық-

БІЗДІҢ СҰХБАТ

25 ҚАҢТАР 2024 | СЕНБІ



Ақылбек КҮРІШБАЕВ,
Ұлттық ғылым академиясының президенті:

АКАДЕМИЯНЫҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ ҚАЛЫПТАСУЫ АЯҚТАЛДЫ

(Басы 1-бетте)

— Құрметті Ақылбек Қажығұлұлы, Сіз жуырда Мемлекет басшысының қабылдауында болып, жаңартылған Ұлттық Ғылым академиясының былтыр атқарған қызметінің негізгі нәтижелері жөнінде баяндадыңыз. Ұлттық академияның қалыптасуы қалай жүргізілді және оның жұмысының алғашқы нәтижелері туралы айтып берсеңіз...

— Былтыр Ұлттық ғылым академиясының институционалды қалыптасуы толығымен аяқталды. Академия қызметінің заңнамалық негізі құрылды. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заңға сәйкес ол елдің жалғыз жоғары ғылыми ұйымы мәртебесіне ие болды. Оны тұрақты түрде қаржыландыру тетіктері әзірленді.

Сонымен қатар Ұлттық академия мүшелерінің жаңа құрамы қалыптасты. Бұл жұмыс жаңа ережелерге сәйкес 3 кезендік рәсім бойынша конкурстық негізде жүргізілді. Осы қағида бойынша ашық конкурс нәтижесінде Ұлттық академияның 17 мүшесі сайланды. Олардың барлығы — отандық ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті ғалымдар. Әлемдегі 20 жетекші ғылым академиясының тәжірибелерін талдау негізінде академияның миссиясы, пайымдауы және 10 жылға (2035 жылға дейін) арналған Даму стратегиясы нақты индикаторлармен дайындалды.

Ұлттық академияның ішкі құрылымы да алға қойылған міндеттерге бағдарлана отырып жүйеленді. Атап айтқанда, отандық ғылымның нақты жай-күйін бағалау үшін арнайы талдау орталығы құрылды. Өткен жылы осы орталықтың күшімен елімізде ғылыми саланың дамуына кедергі келтіретін маңызды факторларды анықтау бойынша жұмыс басталды. Өйткені саланың нақты жағдайын білмей, онда дұрыс реформалар жүргізуге болмайды.

Академия салалық министрліктердің, әкімдіктердің, «Атамекен» ҰҚП, бизнес өкілдерінің және жетекші отандық және шетелдік ғалымдардың қатысуымен алғаш рет өңірлік және салалық 30 форсайт-сессия өткізді, нәтижесінде ғылыми зерттеулер үшін 200 басым міндет айқындалды. Бұдан басқа, «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңға сәйкес 2025-2027 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың 113 ғылыми-техникалық міндеттеріне алғаш рет сараптама жүргізіліп, олардың 87-сі бойынша ескертулер берілді.

Ең бастысы, біз ғылымды дамытудағы басым бағыттарды айқындаудың тұжырым-

дамалық тәсілдерін ұсындық. Қазіргі таңда Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия 3 жылға ғылымның 7 басымдығын бекітеді, олар өз ішінде тағы 153 мамандандырылған басым ғылыми бағытқа бөлінеді. Бірақ шын мәнінде, бұл — басымдықтарды анықтау механизмі емес, ғылым бағыттары бойынша бюджет қаражатын бөлудің ғана схемасы.

Ғылыми зерттеулер жүргізудің әлемде қабылданған стандарттарын және үздік тәжірибелерін бейімдеу негізінде біз академияның ғылыми этика кодексін алғаш рет әзірлеп бекіттік, онда ғылымдағы орынсыз мінез-құлық ретінде фальсификация, бұрмалау, плагиат, мүдделер қалыңысы және жалған бірлескен авторлықтың ресми анықтамалары айқындалды.



Ұлттық академия қызметінің тағы бір маңызды бағыты — ғылым саласына жастардың келуі үшін жағдай жасау. Тәуелсіздік жылдарында алғаш рет Ұлттық академия жанынан Жас ғалымдар кеңесі (ЖФК) құрылды. ЖФК мүшелері «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасын Парламент қабырғасында талқылау барысында ғылымның жаңа заңнамалық негізін құруға белсенді қатысқанын ерекше атап өткен жөн.

Ұлттық академия ғылыми-зерттеу практикасында пәнаралық тәсілді енгізуге және қолдануға баса назар аударып отыр, себебі әлемдегі үлкен ғылыми жаңалықтар мен ірі жетістіктердің шамамен 90%-ы дәл осы тәсіл негізінде жасалады. Бізде керісінше, ғылымда ұсақ тақырыптар басым. Бұл — біздің ғылыммыздағы белен алған тағы бір жүйелік мәселе. Өткен жылы біздің академиктер 3 ірі интеграцияланған пәнаралық ғылыми-техникалық бағдарламалардың техникалық тапсырмаларын дайындады. Оларды іске асыру ауыл шаруашылығы дақылдарының жоғары өнімді сұрыптарын шығаруда, отандық фармацевтикалық өнеркәсіпті және энергияны сақтау технологиясын дамытуда елеулі серпіліс жасауға мүмкіндік беретініне сенімдіміз. Сонымен қатар Қытай ғылым академиясымен бірге су ресурстарын тиімді және қауіпсіз басқару бойынша пәнаралық мегагранттың техникалық тапсырмасын дайындау жұмыстары басталды.

Ұлттық академия қызметінің тағы бір маңызды бағыты — ғылым саласына жастардың келуі үшін жағдай жасау. Тәуелсіздік жылдарында алғаш рет Ұлттық академия

жанынан Жас ғалымдар кеңесі (ЖФК) құрылды. ЖФК мүшелері «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасын Парламент қабырғасында талқылау барысында ғылымның жаңа заңнамалық негізін құруға белсенді қатысқанын ерекше атап өткен жөн.

2024 жылдың қарашасында «Жас Сәтбаевшылар» атты Қазақстан жас ғалымдарының I Конгресі өтті. Конгресс шеңберінде өзекті ғылыми бағыттар бойынша 8 ғылыми конференция, дөңгелек үстел және нетворкинг өткізілді, онда Қазақстанның 120-дан астам үздік жас ғалымы, оның ішінде шетелде жұмыс істейтін дарынды жастар ғылыми баяндамалар жасады. Конгреске барлығы 1000-нан астам жас ғалым қатысты.

Ұлттық академия ең озық тәжірибені ілгерілетуге және ғылымды насихаттауға көп көңіл бөлуде. 2024 жылдан бастап академия мен Astana Hub ақпараттық орталығының қызметкерлері әзірлеген «Ұлттық инновациялық жүйенің бірыңғай терезесі» ақпараттық жүйесі арқылы ғылым және мемлекеттік ғылыми стипендиялар саласындағы сыйлықтар алу үшін ұсынылған жұмыстарды қабылдау электрондық форматта жүзеге асырылуда.

Ұлттық академияның халықаралық байланыстары да жандана түсті. Өткен жылдың өзінде шетелдік ұлттық академиялармен

ған, бұл ғылымды қалдық принципі бойынша қаржыландыруға әкеп соқты. Мәселен, 2023 жылы тек 8 облыстың әкімдігі (ШҚО, СКО, Павлодар, Қызылорда, БҚО, Ақтөбе, Жамбыл және Қарағанды) жергілікті бюджеттен ғылыми зерттеулерге қаражат бөлді, олардың үлесі мемлекеттік қаржыландырудың 0,43%-ын құрады. Орталықта орналасқан ғылыми ұйымдар да нақты сектордың проблемаларынан алшақтап кеткен. Сондықтан олардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелері жергілікті жерлерде сұранысқа ие емес.

Ал дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенсек, олардың инновацияларды дамытудағы жетістіктері, ең алдымен, ғылымның өңірлік деңгейдегі өндіріспен тығыз байланысында жатыр. Бұл жұмыстардың барлығын дамыған елдерде жергілікті билік үйлестіреді.

Аталған мәселені шешу үшін Мемлекет басшысы облыс әкімдерінің басшылығымен жергілікті жерлерде ғылым және технологиялар жөніндегі өңірлік кеңестер құруды тапсырды. Ұлттық академия осы тапсырманы орындауға белсене атсалысты. Өңірлік ғылымды дамыту мақсатында біз Ақмола, Жамбыл, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында өңірлердің экономикасына арналған ғылыми жетістіктердің көрмесін ұйымдастырып және жергілікті атқарушы органдар үшін практикалық ұсынымдар бере отырып, Академия Президиумының 4 көшпелі отырысын өткіздік. Осы ретте форсайт процесінде айқындалған өңірлік проблемалар сол өңірлерге ғылыми зерттеулер үшін перспективалық міндеттер ретінде ұсынылды. Бұдан басқа, біз Үкіметке әкімдердің қызметін бағалау рейтингіне өңірлік ғылымды дамыту көрсеткіштерін кіргізу туралы ұсыныс енгіздік.

Академиктер министрліктерге салалық ғылымды дамытуға кеңес беріп, көмектесе бастады. Атап айтқанда, АШМ басшыларының қатысуымен Шортанды ауылында аграрлық ғылымның проблемалық мәселелері бойынша Ұлттық академия Президиумының көшпелі отырысы өткізілді, оның нәтижелері бойынша біз ел басшылығына тиісті талдамалық жазба дайындап жолдадық. Қарағанды қаласында Денсаулық сақтау министрлігінің қатысуымен медицина ғылымының жетекші ғалымдарымен үлкен кеңес өткізілді, оның қорытындысы бойынша медицина ғылымын дамытудың 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасы дайындалды.

— **Жалпы, отандық ғылым жүйесі үшін өткен жылды қалай бағалайсыз?**

— Былтыр жалпы отандық ғылым үшін сәтті жыл болды. Біріншіден, ол Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының негізін қалаушы, ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығымен тұспа-тұс келді. Президентіміздің бастамасының арқасында 2024 жыл ғылым тарихына «Сәтбаев жылы» ретінде енді, оның шеңберінде тек біздің академия 50-ден астам ғылыми конференция, семинарлар, дөңгелек үстелдер, ғылыми олимпиадалар және т.б. өткізді, олар ел жұртшылығы арасында ғылымды насихаттауға баға жетпес үлес қосты.

Мемлекет басшысының қолдауының арқасында ғылымды қаржыландыру 3,5 есеге ұлғайды, жас ғалымдарды әлеуметтік қолдау, соның ішінде оларға баспана беру бойынша нақты шаралар анықталды, «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заң қабылданды, Ұлттық ғылым академиясы ҚР Президентінің жанындағы академия мәртебесіне ие болып, елдің жалғыз жоғары ғылыми ұйымына айналды.

Кез келген қоғамның инновациялық дамуының тірегі мықты ғылым екені белгілі. Ғылыми зерттеулерімізді әлемдік деңгейге көтеру үшін біз әлі талай өзгерістер жасауымыз керек. Ел Президенті Қ.Тоқаевтың елімізде мемлекеттік ғылым академиясын ұйымдастыру туралы шешімінің тарихи маңызы бар екеніне сенімдімін. Академияның біз дайындаған 2035 жылға дейінгі даму Стратегиясын дәйекті іске асыру оның әлемдік қауымдастық мойындаған ғылыми орталыққа айналуына және елдің ғылым саласын дамытуда жіберілген жүйелік олқылықтардың орнын толтыруға мүмкіндік береді деп ойлаймын.

Сұхбаттасқан
Ардақ СҰЛТАН

ТҮЙТКІЛ

25 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

Айыппұл – құқықтық тәртіпті сақтаудағы маңызды тетік. Ол заңбұзушылықтардың алдын алуға, жауапкершілік пен тәртіпті нығайтуға бағытталған. Дегенмен айыппұлдың тиімділігі, әділдігі және оның қоғамға тигізетін әсері туралы пікірлер де әртүрлі. Мәселен, бүгінде елімізде көлікті 5 минут қыздырғаны үшін айыппұл төлеу туралы заң көпшіліктің талқысына түсуде. Жалпы, айыппұл қай кезде тиімді және оның көлемі немен анықталуы керек деген сауалды бірқатар азаматқа қойып көрген едік.

АЙЫППҰЛ

БҰЛ НЕ ДЕГЕН ҒАЙЫП ПҰЛ?!

Снежанна ИМАШЕВА,
Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы
фракциясының мүшесі:

АЙЫППҰЛ – ЗАҢНЫҢ ОРЫНДАЛУЫН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ҚҰРАЛ



Қоғамда айыппұлдарды салудың басты мақсаты – заңдардың бұлжытпай орындалуын қамтамасыз ету. Мемлекеттік мекемелер айыппұлдарды бюджетті толтыру үшін қолданбайды, олар тек заң

бұзылған жағдайда жазалау шарасы ретінде қолданылады. Дегенмен кейбір айыппұлдар мөлшері тым жоғары болып кетуі мүмкін. Сондай-ақ кейде аса ауыр емес құқықбұзушылықтарға да айыппұлдар салынады. Алайда егер азаматтар заңдарды сақтап, тәртіппен жүрсе, ешқандай айыппұл салынбайды. Ал заңды бұзып, бірқатар айыппұл алған азаматтар өздерінің әлеуметтік жағдайына зиян келтіреді. Олар өздерінің әрекеттері арқылы өз жағдайын қиындатады.

Айыппұлдардың мақсаты – әлеуметтік деңгейді түсіру немесе көтеру емес, ең бастысы – заңның орындалуын қамтамасыз ету. Бұл ретте айыппұл жүйесінің тиімділігі тек заңның сақталуына және тәртіптің орнауына бағытталуға тиіс. Басқа елдермен салыстырғанда айыппұлдардың мөлшері әртүрлі болуы мүмкін, бірақ оны объективті түрде зерттеу қажет. Айыппұл мөлшерінің көбеюі тек азаматтардың заңбұзушылықтарының жиілеуіне байланысты. Мұндай жағдайда аналитикалық және статистикалық зерттеулер жүргізіліп, тиісті шешімдер қабылданады.

Сонғы уақытта «көлікті бес минуттан артық қыздыруға болмайды» деген пікір қоғамда кеңінен талқыланып, белгілі бір дәрежеде үрей туғызып отыр. «Жол қозғалысы туралы» заң мен Жол қозғалысы ережелерінде (ЖҚЕ) көлікті бес минуттан артық қыздыруға тыйым салатын ешқандай нақты норма жоқ. Дегенмен бұл пікірдің пайда болуына байланысты бірнеше заң тармақтарына назар аудару қажет.

Заң не дейді? «Жол қозғалысы туралы» заңның 54-бабында көлік иелері мен жүргізушілердің құқықтары мен міндеттері қарастырылған. Осы баптың 4-тармағы жүргізушіге бірнеше әрекетті жасауға тыйым салады, оның ішінде мыналар бар:

Елді мекендерде жұмыс істеп тұрған қозғалтқышпен көлікті қоюға тыйым салынады, егер бұл тұрғындарға қолайсыздық тудырса;

Тұрғын аудандарда жұмыс істеп тұрған қозғалтқышпен көлікті (электромобильдерді қоспағанда) қоюға тыйым салынады.

Айта кету керек, тұрғын аудандарда көлікті қою ережелері арнайы жол белгілерімен белгіленеді және тұрғындардың пікірі маңызды рөл атқарады.

«Бес минут» ережесі «тоқтау» мен «тұраққа қою» ұғымдарын дұрыс түсінбеуден туындаған. «Тұраққа қою» заң бойынша былай анықталады: көліктің қозғалысын жолаушыларды отырғызу немесе түсіру, жүк тиеу немесе түсіру жағдайларынан тыс бес минуттан артық әдейі тоқтату. Яғни, егер сіз көлігіңізді бес минуттан артық тоқтатып қойсаңыз, бұл «тұрақ» болып саналады. Ал жоғарыда айтылған ережелер осы ұғымға қатысты қолданылады. Егер сіздің көлігіңіздің қозғалтқышы тұрғындарға айтарлықтай қолайсыздық тудырмаса, онда әкімшілік құқықбұзушылық болып саналмайды. Бірақ егер сіз тұрғын ауданда ауыр жүк көлігімен немесе трактормен тұрып, шу мен түтіннен тұрғындарға қолайсыздық тудырсаңыз, олар шағымдануы мүмкін. Мұндай жағдайда 597-бапқа сәйкес, көлік құралдарын тоқтату немесе тұраққа қою ережелерін бұзғаны үшін 5 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемінде айыппұл салынуы мүмкін.

Данияр ҚАСҚАРАУОВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК
ӘЛСІРЕМЕУГЕ ТИІС



Еліміздегі айыппұлдарға қатысты халықтың жаппай наразылық танытуы тек тұрақ ережелеріне байланысты деп айтуға болмайды. Мәселен, бес минуттан артық көлік қыздыруға тыйым салу мәселесі 20

жыл бұрын көтерілгенімен, ол кезде бұл ереже күшіне толық енген болатын. Сол уақытта қазіргі замандағыдай бейнебақылау камералары мен құқықбұзушылықтарды тіркейтін құрылғылар кеңінен қолданылмаған еді.

Бүгінде қоғамда «халық бір-бірін аңдып, күнделікті айыппұл салуға ықпал етіп жатыр» деген пікірлер кездесуде. Алайда мұндай пікірлердің негізділігіне күмәнмен қараймын. Бұл заң негізінен экологияны қорғауды мақсат еткен мемлекеттерде тиімді қолданылуда. Мысалы, Канада сияқты елдерде бұл мәселе басқа деңгейде шешіледі. Сонымен қатар



кейбір азаматтарымыздың көліктерін паркингтерде сақтап қыздыру экологиялық тұрғыдан дұрыс емес. Осындай жағдайларды ескере отырып, бұл заң экологияны қорғауға және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам деп есептеймін.

Тағы бір өзекті мәселе – елімізде бейнебақылау камераларының көбеюі. Жақында Жамбыл ауданында мал ұрлығының алдын алу мақсатында 800 камера орнату ұсынылғаны туралы хабар жетті. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, бұл шара жол-көлік оқиғаларын азайтуға, мал шаруашылығы саласындағы ұрлықтардың алдын алуға және жалпы құқықбұзушылықтарды болдырмауға айтарлықтай үлес қосуы мүмкін. Алайда бейнебақылау жүйелерін орнату барысында әрбір азаматтың жеке кеңістігі мен құқықтары сақталуға тиіс. Камералар тек тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етумен шектеліп, жеке өмірге шамадан тыс араласуға жол берілмеуі қажет.

Мемлекетіміздің бюджетін айыппұл есебінен толтыру – экономиканың ең тиімсіз әрі сын көтермейтін жолы деп санаймын. Бюджет көздерін арттыру үшін елімізде шикізат өндіретін зауыттар мен кәсіпорындарды дамытуға басымдық берген жөн. Атап айтқанда, отандық өндіріс орындары мен өңдеу кәсіпорындары ел экономикасының негізгі тіректері болуға тиіс.

Қорыта айтқанда, экологиялық және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында заңдарды жетілдірумен қатар, халықтың сеніміне селкеу түсірмейтіндей әділ әрі теңгерімді жүйе құру маңызды.

Дидар СМАҒҰЛОВ,
«Әділдік жолы» қоғамдық бірлестігінің
атқарушы директоры:

АЙЫППҰЛ САНЫ
ХАЛЫҚ САНЫНАН АСЫП ТҮСТІ

Елімізде құқықбұзушылықтар мен айыппұлдар санының өсуі қоғам үшін аландаушылық тудырып отырған маңызды тенденциялардың бірі. Құқықтық статистика деректеріне сәйкес, 2024 жылдың 11 айы ішінде Қазақстан-

ның мемлекеттік органдары айыппұлдардан рекордтық көлемде қаражат өндірген. Бұл сома – 217 млрд теңгені құрайды. Салыстырмалы түрде айтсақ, 2023 жылы айыппұлдар көлемі 142 млрд теңге болса, 2022 жылы – 111 млрд теңге, ал 2021 жылы – 79 млрд теңге болған.

Түсінікті болу үшін бұл сандарды көршілес Қырғызстанмен салыстырсақ, онда 2024 жылдың алғашқы 10 айында жол ережесін бұзғаны үшін барлығы 6 миллион доллар көлемінде айыппұл салынған. Ал Қазақстанда осы кезеңдегі айыппұл көлемі 170 миллион долларды құраған. Бұл көрсеткіштер халық арасында наразылықтың артуына себеп болып отырғаны анық.

Егер бұл үрдіс жалғаса берсе, алдағы жылдары елдегі айыппұлдар саны халық санынан асып түсуі ықтимал. Бұл дегеніміз – әрбір жана туған нәрестеге де айыппұл жазылады дегенді білдіруі мүмкін. Мұндай жағдай қоғам үшін құқық қорғау жүйесіне деген сенімнің әлсіреуіне алып келеді.

Айыппұл салудың басты мақсаты – құқықбұзушылықтың алдын алу және профилактика екенін құқық қорғау органдары баса назарға алуы тиіс. Алайда қазір бұл жүйе мемлекеттік бюджетке тұрақты «табыс көзі» ретінде қарастырылып отыр. Бұл мәселе басқа елдердің тәжірибесімен салыстырғанда айқын байқалады. Мысалы, Ресейде 2023 жылы 143,8 миллион халықтың ішінде сотта қаралған әкімшілік құқықбұзушылықтардың саны 6,14 миллионды құрады. Тіпті, соттан тыс қаралған құқықбұзушылықтарды есептегеннен өзінде, Қазақстандағы көрсеткіштерден айтарлықтай төмен болар еді.

Мұндай жоғары көлемдегі айыппұлдар мемлекеттік қазынаны толтырудың бір әдісі ретінде қолданылғанымен, қарапайым халықтың әлеуметтік жағдайына ауыртпалық түсіріп отыр. Мұндай тәжірибе ел тұрғындарының тұрмыс деңгейіне теріс әсер етіп, халық пен билік арасындағы сенімге нұқсан келтіруі мүмкін.

Осыған байланысты мемлекетіміз айыппұл жүйесін қайта қарап, оның негізгі міндетін – құқықбұзушылықтардың алдын алу мен тәртіпті қамтамасыз етуге бағыттау қажет. Сонымен қатар бюджет қаражатын тиімді пайдалану мен экономиканың өзге тұрақты көздерін дамыту маңызды. Айыппұл саясатына қатысты әділеттілік қағидатын сақтап, халықтың мүддесіне сай шешімдер қабылдау – мемлекеттік органдардың басты міндеті болуға тиіс.

Дайындаған
Әсет ҚАЛИ

КӨКЕЙКЕСТІ

25 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

ҚАЗАҚ ҰҒЫМЫНДА АТА МЕН ӘЖЕ БАҚЫТТЫ ШАҢЫРАҚТЫҢ КӨРКІ САНАЛАТЫН. АЛ АТА-АНАҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТ ҚАЗАҚ БАЛАСЫНЫҢ ҚАСИЕТТІ БОРЫШЫ БОЛАТЫН. ҚАРИЯЛАРЫМЫЗ ҚАРА ШАҢЫРАҚТАҒЫ БАУЫРМАЛДЫҚ ПЕН МЕЙІРМНІҢ ШЫРАҒЫ, ҰРПАҚТЫҢ ЖЫЛЫ ҰЯСЫНЫҢ БАПКЕРІ ІСПЕТТІ ЕДІ. БІРАҚ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА АТА-ӘЖЕ ҰҒЫМЫ ДӘСТҮРЛІ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ ШЕҢБЕРІНЕН ШЫҒЫП, БАҚЫТТЫ ҚАРТТЫҚ ҚАҒИДАСЫ ӨЗГЕРДІ. СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРГЕ СҮЙЕНІП, БҮГІНДЕ ҚАРТТАР ҮЙІНІҢ САНЫ АРТТЫ, ҚАРАУСЫЗ ҚАРТТАР КӨБЕЙДІ ДЕГЕНІМІЗБЕН, АЛДЫМЕН ҚАЗІРГІНІҢ ҚАРИЯСЫ ҚАНДАЙ ДЕГЕН СҰРАҚ АЛҒА ШЫҒЫП КЕЛЕДІ.



ҚОРҒАНСЫЗ ҚАРТТАРҒА КІМ ҚАРАСАДЫ?

өздерін қартайдық деп ойлайды. Оның себебін анықтағанымызда, мысалы Түркістан облысында ұзын көйлек кию, орамал тағу, немерелер санының көбеюі, балаларының жастарының ұлғаюуы, тістің түсуі секілді факторлар әйелдер үшін қарттықтың басы саналады. Сонда қараңыз, ауыл мен қала адамдарының қарттық туралы ұғымында 20 жас ерекшелік бар. Өйткені инфрақұрылым, әлеуметтік және медициналық қызметтерге қолжетімділік те адамдарда кәрілікті сезінуге әсер етеді. Сондықтан қарт адам қандай дегенге біз жауап бере алмаймыз, — деді Ә.Жақыпбек.

ҚАРТТАР ҮЙІНДЕ ҚАРИЯЛАР КӨБЕЙДІ

Дегенмен «Әлемдік демографиялық перспективалар» баяндамасында 65 жастан асқан адамдар қарттар есебінде саналады. Сондай-ақ 2050 жылы 65 жастан асқан егде жастағы халықтың үлесі 16%-ға өседі және 5 жасқа дейінгі балалар санынан екі есе

болады. Бұл жекеменшік қарттар үйінің көбеюіне алып келуі мүмкін. Қазір еліміздің әр өңірлерінде бір-бір қарттар үйінен бар десек, олар мемлекеттің еншісінде және жұмыспен қамту орталығына бағынышты ұйым болып табылады. Олар көбінесе мемлекет бюджетінен қаржыландырылады. Қателеспесем, 2020 немесе 2018 жылдан бері қарттар үйінде тұратын адамның зейнетақысынан 70 пайыз ұсталатын болған. Қарттар өздерінің күтіміне жартылай өздері ақша жұмсайды. Демек, қарттарға біз әлі де болса толық жағдай жасай алмай отырмыз, — деді ол.

БАҚЫТТЫ ҚАРИЯ ДЕГЕН КІМ?

Қазақтың бақытты қарттық ұғымы отбасы ошақ қасында, бала-шағаның немеренің ортасында, ағайын-туыстың айналасында деген қағидамен қатар қолданылатын. Сондай-ақ қазақтың қариясы үшін туған жерінен топырақ бұйыру «әдемі өлім» саналатын.

— Біз қазақ жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған, ата-анасын далаға тастамаған текті атаның ұрпағы едік. Қазақ елінде жетімдер үйі, қарттар үйі, жезөкшелер үйі, түрме деген бөлелер болмаған. Қазір жастардың бәрі оқығын, білімді шығар, бірақ өз әке-шешесін қартайғанда қарттар үйіне тапсырады. Неге?.. Соңғы жылдары қарттар үйіне адам сыймай, қосымша қарттар үйін салып жатыр. Сол қарттар үйінде жатқандардың 90 пайызы қазақтың қариялары. Солардың 90 пайызының ұл-қыздары, бала-келіндері бар. Жағдайы жоқ дейін десен, кәсіпкер байлардың, оқытушы ғалымдардың да ата-аналары қарттар үйін паналауда. Бұл індет жалғаса берсе, болашақ не болмақ?! Еуропа елдерінде балалары ата-анасынан бөлек тұрады деп еститін едік. Қандай шара қолдануға болады?, — деп Жәнібек Қожық әлеуметтік желіде дабыл қаққан-ты. Сонымен қатар әлеуметтік желідегі (FB) парақшасында публицист қартайған ата-анасын бақпай, қарттар үйіне тапсырған балаларға шара қолдану қажеттігі туралы ұсыныс та білдірді.

«Бірақ заманның құбылуы қарияларымыздың бақыт туралы түсінігін де өзгертті» дейді сарапшы мамандар. Мәселен, соңғы жылдары қарттар үйіне өзі сұранып баратын қариялар саны артып келеді. Алматыдағы «Шаңырақ» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы директорының әлеуметтік істер жөніндегі орынбасары Сымбат Нәбиева, бұрын қарттар үйіне айына 2-3 адам келетін болса, қазір аптасына 7-8 адам келеді дейді.

— Мұндағылардың басым көпшілігі өздері сұранып келген. 15-20% ғана сот ар-

қылы келетіндер, яғни отбасында жағдайы болмаған кісілер. Бұрын қарттар үйіне айына 2-3 адам келетін болса, қазір аптасына 7-8 адам келеді. Ең жоқ дегенде айына 14-15 адам түседі, — дейді маман.

Осы тұрғыда туындайтын негізгі сұрақ «Қазіргінің қариясы қандай?» деген мәселемен өлшенуі де мүмкін. Өйткені 2019 жылдан бері елімізде белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарының пайда болуымен, қарияларымыз өздерінің егде жасын жоспарлауға үйрене бастаған. Соңғы жылдары қарттар үйіндегі жағдай да өзгерген. Бұрынғыдай қарттық өлімді күту, үйде отыру, ағайыннан алыстамау, туыстың тойынан қалмау, қуаныш-қайғының қасында болу деген өлшемдерден арылып, қарттық, кәрілік моделі ауыса бастаған. Сонымен қатар қарттар үйіне баратындар туралы картина да әртүрлі, мысалы бір адамдарды балалары апарды, бір адамдар өздерінің қалауымен барады.

— Қарияларды тек ата-әже рөлінде, қымыз-қымыранды, ұлттық салт-дәстүр, нақыштарды насихаттаушы ретінде ғана көрмей, олардың белсенділігін дәріптесек, ата-әжелер «жұрт не ойлайды» деген ойдан арылады. Біз кәрілікке деген жалпы қатынасымызды өзгертсек, олар белсенді бола алады, олар өмірлік тәжірибесінде бар жинаған ресурстарын ұрпаққа әрі қарай беріп, қоғамда бақытты қарттар саны көбейеді деп ойлаймын. Тек немере бағушы немесе бір отбасындағы балаларды ғана тәрбиелеуші емес, барша қоғамды тәрбиелеушіге айналады, — деді Әйгерім Жақыпбек.

Осы орайда әлеуметтанушы маман жастар ресурстық орталығы секілді, қариялардың да ақсақалдық ресурстарын пайдалануға бағытталған жобалар қажет екенін айтады. Мысалы, ауылдарда да, қалаларда да егде жастағы адамдардың өмірлік мол тәжірибесін пайдалану үшін ерікті түрде жастарға ментор қылу арқылы үйлесімді жұмыс істеуге, кәсіпкерлікпен айналысуға бағыттаса деген пікірін де жасырмады.

— Ауылдағы мәдениет үйлерін ресурстық орталыққа айналдырып, қариялар мен жастарды үйлесімді еңбек негізінде пайдалы етуге болады. Қарттардың экономикалық жағдайы мемлекеттің экономикасына да әсер етеді. Қазір зейнетке байланысты саясат өзгеріп жатыр. Себебі қарттардың санының артуы экономикаға салмақ. Сол үшін зейнеткерлерді кәсіппен айналысуға икемдеу керек. Зейнет жасында да жұмыс істеу қарт адамдардың өмір сүру белсенділігін жоғарылатады, денсаулығын жақсартады, өмірге көзқарасын өзгертеді, өмір сапасын арттырады. Ал өмір сапасы артқан сайын тұтынушылық әдеттері өзгереді. Бұрын тамақ дәрі-дәрмек, тамақпен шектелсе, енді саяхатқа шығу, мәдени орындарға бару секілді экономикалық төлем қабілеті өседі, — дейді сарапшы.

Ресми ақпарат көздеріндегі деректерге сәйкес, республика көлемінде 92 белсенді ұзақ өмір сүру орталығы ашылып, жұмыс істейтіні жайлы, мұндағы қариялар өмір сүру сапасын жақсартуға, өнімді және белсенді ұзақ өмір сүруге дағдылары қана қоймай, түрлі қолөнер үйірмелері, мотивациялық және кәсіпкерлік курстар арқылы жекелеген өнімдер жасап, интернет дүкендер арқылы сатуға бейімделе бастағаны туралы ақпараттар да жоқ емес.

Сондықтан қарияларымызды қарттар үйіне қамап қана қоймай, қазақ ұғымындағы «Көп жасаған қария — ақылы теңіз дария» қағидасы негізінде қазақстандық бақуатты кәрілік индесін қалыптастыру маңызды.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Ұлттық статистика бюросына хабарласқанымызда, 2024 жыл бойынша ақпарат наурыз айында шығады, 2023 жыл бойынша деректерді қарауыңызға болады деп, үлкен бір папканы ұсынды. Ұққанымыз — 2022 жылы қарттар мен мүгедектер үйіне 20 733 зейнеткер тұрақтаған. Оның 11 868-і — ерлер, 8 865-і — әйелдер болса, қарттар үйі Шығыс Қазақстан (2 787 орындық 17 үй), Қарағанды (2 527 орынға арналған 11 үй) және Батыс Қазақстан облыстарында (1 294 орынға арналған 11 үй) көп. Одан кейінгі орында Қостанай облысы (1 723 орынға 9 үй) тұр. Ақмола (1 218 орынға) және Алматы



облыстарында (1 810 орынға) 8 үйден бар. Елдің басқа аймақтарында 2-ден 6-ға дейін қарттар мен мүгедектер үйі бар.


Әлеуметтанушы Әйгерім Жақыпбектің айтуынша, қарт адам деген түсінікке бізде әлі де нақты анықтама жоқ.

— Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 60 жастан асқан адамдарды қарттар деп есептейді. Ол үш категорияға бөлінеді. Ерте қарттық, орта қарттық және ұзақ өмір сүрушілер деген секілді. Ал өзін жүргізген сауалнама негізіндегі зерттеуге сәйкес, біздің қаладағы қариялар өзін 70 жаста қарт адам сезіне бастаса, ауылдағылар 50 жастан

артып, 12 жасқа дейінгі балалар санымен теңеседі деген болжам бар. Сол сияқты Қазақстан да, маманның дерегі бойынша, үлкен демографиялық өзгерісті бастан кешіріп жатыр. Мысалы, 60 жастан асқан қарттар саны 2024 жылғы статистикалық көрсеткіште шамамен 3 миллионға жуықтаса, ол халықтың 14,2 пайызын құрайды. Яғни, Қазақстан қазірдің өзінде қартайып мемлекеттер қатарына кірді.

— Қарттар үйінің көбеюі қариялар үлесінің көбейіп келе жатқанымен де байланысты. Қарттардың саны көбейген сайын олар белгілі бір әлеуметтік қызметтерге көп жүгінетін

Даңқты суретші Әбілхан Қастеевтің 1930-1940-жылдары салған суреттерінің топтамасы «Ескі және жаңа тұрмыс» деп аталыпты. Сол жылдары елге келген ұлы өзгерістерді бейнелейтін суреттері арасынан «Радио тыңдау», «Колхоз тойы» (1937), «Колхоздың сүт фермасы» (1936), «Сүт машинасы» туындыларын байқасаңыз жаңашылдыққа үрке де таңғала қараған адамдардың келбетін байқар едіңіз. Әлімсақтан күні бүгінге дейін ғылым мен өнердің барлық саласында Көне мен Жаңаның тайталасы тоқтаусыз жалғасып келе жатыр. Біз мұнда ескіні мансұқтап, тек жаңаны жарылқауды тұспалдап отырған жоқпыз. Айтпағымыз басқа...



«ҮЙРЕК синдромының»

ҮРЕЙ

А Наурызбек САРША

Белгілі бір қалыпты тіршілікке еті үйренген адам сол таптаурын тірлігімен ғұмыр кеше беруге бейіл. «Үйрек синдромы» деп аталатын психологиялық құбылыс осыны растайды. Бұл синдром әйгілі аустралиялық зоопсихолог және Нобель сыйлығының лауреаты Конрад Лоренцтің тәжірибесінің арқасында дүниеге келді. XX ғасырдың басында ол қаз балаландарына бірқатар тәжірибелер жүргізіп, импринтинг деп аталатын құбылысты тапты. Лоренц егер балапан туылғаннан кейінгі алғашқы 12-17 сағатта қаздың орнына кез келген қозғалатын затты көрсе, оны анасы деп қателесетінін байқады. Тіпті, балапандар жансыз роботты көрсе де, допты немесе резеңке үйректі де «анам» деп тануы ғажап емес. Ал нағыз үйрек анасы қанша шақырғанымен балапан жауап бермейді, өйткені оның миында анасы доп немесе резеңке үйрек. Лоренц эксперименттерінде қаздар болғанына қарамастан, неміс тілінен ағылшын тіліне, содан кейін орыс тіліне аударудағы қателікке байланысты «үйрек синдромы» деп аталды. Басқа ғалымдар да кейінгі тәжірибелері импринтингтің әсерін растады.

Айтпақ ойымызды көрермендер мен сыншылар тарапынан жоғары бағаға ие болған былтырғы жылдың ең үздік анимациялық фильмі атанған режиссер Крис Сандерстің «Жабайы робот» туындысы арқылы тарқатып көруге тырысалық. Биылғы Оскар жүлдесіне басты үміткер болып отырған бұл мультфильмнің ерекшелігі неде дерсіз?! Алдымен Питер Браунның романына негізделген туынды оқиғасына зер салсақ, алапат дауыл әсерінен Universal Dainemix компаниясы шығарған Rozzum 7134 атты көмекші гиперинтеллектуал робот елсіз аралдағы орманға тап болады. Тек адамдардың талап-тілегін орындауға бейімделген андроид енді ормандағы жануарлардың тапсырмасын орындауға кіріседі. Аң тілін түсінбегендіктен түрлі кедергілерге ұшырағанына қарамастан, таңғажайып мүмкіндіктері бар құлтемір ақыры жан-жануарлардың тілін де менгеріп алады. Орманда түрлі жағдайды бастан кешірген робот алып аюдан қашамын деп ағаш басындағы қаз ұясын бұзып алып, тек бір жұмыртқадан өзгесі қаз табады. Сол жұмыртқаны жарып шыққан қаз балапаны дүние дидарын алғаш көргендегі бейнесі – робот болғандықтан, оны анам деп таниды. Қаз балапаны қаз-қаз басып құлтемірдің артынан бір елі қалмайды...



БІЗДІҢ КЕЗІМІЗДЕ...

Мұның барлығы зоолог Конрад Лоренц ашқан «үйрек синдромымен» байланысты екенін айттық. Яғни, бұл белгілі бір ақпаратты есте сақтау, оған тәуелділік, мінез-құлықтағы кейбір үлгілердің бейсаналық көрінісі. Енді бұл синдромның адамдарға қандай қатысы барын түсінуге тырысайық. Біз де балалық шақта, яки ересек кезімізде көзіміз үйренген, өзіміз бейімделген таптаурын жолды шиырлап жүріп алғамыз келеді. Одан аулаққа барғымыз келмейді. Кейінгі таңсық дүниелердің барлығы ұнамсыз секілді көрінеді. Мәселен, үлкен ақсақалдардың «Заманның түзу кезінде...» деп сөз бастайтынын естіген боларсыз. Дегенмен ол заманның тарихтан өте қиын да ауыр болғанын оқимыз. «Бұрынғы шалдар айтқыш еді, батыр еді, ал қазіргі жастар...» деп сөйлейтін үлкендерді де жиі кездестіреміз. Дегенмен өткен заманды аңсап, бүгінге көңіл толмау әр заманда көрініс тапқан. Мәселен, Б.э.д. V ғасырдың өзінде Сократ: «Бүгінгі жастар молшылыққа үйренген. Олар жаман өнегемен көзге түседі, беделділерді жақтырмайды. Балалар ата-аналарымен дауласады, асты қомағайлана жұтады және мұғалімдерді титықтатады» деп налиды. Ал Еуропалық діни уағызшы Пётр Амьенский: «Дүние аласапыран кезенді бастан кешіруде. Қазіргі жастар өздерін ғана ойлайды. Жастарда ата-аналарға немесе

көрілікке деген құрмет жоқ. Олар барлығына шыдамсыздық танытады. Олар бәрін білетіндей сөйлейді және даналық – олар үшін ақымақтық» деп күйінеді. Егер бұл пікірлерді бүгінгі бір ақсақал айтты десе нанасыз. Классик жазушы Л.Толстойдың «Жұдырықтай бидай дәнегі» атты шағын әңгімесі есіңізде болар?! «Ертеде бір диканшы егін егіп жатып, жұдырықтай дән тауып алды. Бұрын-соңды мұндай үлкен дән көрмеген екен. Оны патшаға апарды. Патша да жұдырықтай дәнді көріп, таңғалды. Ненің дән екенін ешкім білмей дал болды. Патшаның уәзірі: – Осы елде көпті көрген, көп естіген қария бар деп бір ақсақалға келеді. Оны көрген бойда қария: – Ех, жарықтық, бар екенсің ғой. Мен сені тұқымың біржола құрып кетті ме деп едім, – деп дәнді алып жылай берді. Патша мен уәзірі түк түсінбеді. Сәлден соң қария: – Біздің кезімізде бидайдың дән осындай, жұдырықтай болатын. Құдай біздің пейілімізге жердегі жемісті үлкен етіп берді. Ол замандағы адамның да көңілі кең болатын. Ақша, базар, өсімқорлық дегенді білмедік. Жұрт бір-бірін алдамайтын, өтірік айтпайтын. Үлкен де, кіші де берген уәдесіне берік болатын. Ел кедей, бай болып бөлінбейтін. Кішіге зәбір көрсету деген атымен жоқ. Жігіттері бірінің атын бірі қамшылап, «мен болмайын, сен бол» дейтін. Қыздары ердің бетіне тура қарай алмайтын, ибалы, инабатты еді. Қарттардың кеудесі толған қазына. Сөзі майдай жағатын, тындасаң, мейірің қанатын. Кейін адамдар әдептен, ардан аттаған соң, Құдай пейілдерін алып, олардың несібесін де қысқартты. Мынау – сол заманда жеген бидайдың дәнегі, – деді». Оралхан Бөкей шебер аударып ұсынған бұл шығармада да өткен заманның керемет, бүгінгі заманның кері кеткені суреттеледі. Ал Ф.Достоевскийдің «Қылмыс пен жаз» романындағы кейіпкер Аркадий Свидригайловтың: «Халық маскүнемдікке салынды, білімді жастар әрекетсіздігінен орындалмайтын түстер мен қиялдарға берілді, теориялар да ажарсызданды, қайдан екені белгісіз ақшаны тығатын, ал қалғанын азғындыққа жұмсайтын жидтер қаптап кетті» деген мына сөзінен Петербургтегі жайсыз ахуалды байқауымызға болады.

Өзі өмір сүрген заманын мақтап, кейінгі заманға кейіп отыратындар бұрын да болған, әлі де бар. Мәселен, КСРО заманын көргендердің әңгімесін тыңдасақ, «біздің кезімізде жақсы еді, білімі терен еді, адамдары ерек еді, заттары сапалы, үлкендері баталы еді» дейді. Мәселен, «тендік болды» дегенге келсек, қарапайым совхоз бастығы, судың бастығы, қырман менгерушісі, свет бастығы, керек

десеніз жәй ғана мектеп директорының баласы десе жандарын қоярға жер таппай үркуі тендік пе?! Бұл ескілікті аңсау ма, әлде сол ескі ғұмырдағы жағымды естеліктерге деген сағыныш қана ма? Мысалы, кеңес дәуірін көрген адамдардың көбі «ең дәмді балмұздақ «ақ пломбир» екеніне сенімді, ал оның алғашқы «Ладасы» — ең жақсы көлік. Бір зерттеуде адамдарға бір картинаны 1905 жылы, екіншісін 2005 жылы салғанын айтып, екеуін бағалауға ұсыныпты. Қатысушылардың барлығы дерлік «ең жақсы картина» деп ескі жұмысты таңдаған екен.

«КЕЛІННІҢ БЕТІН КІМ АШСА, СОЛ ЫСТЫҚ»

«Үйрек синдромы қалай қалыптасады?» деген сұраққа психологтер: «Адам жаңа нәрсені сынап көріп, бұл тәжірибеге риза болса, оның миында жаңа нейрондық байланыстар пайда болады және ләззат гормоны – дофамин түзіледі. Процесс пен адам бастан өткерген жағымды эмоциялар арасындағы берік байланыс орнығады. Сондықтан да алғашқы әсер қашанда жағымды. Енді ол адамға өзге балама ұсынсақ қабылдамайды. Себебі эмоционалды тепе-теңдікті бұзудан гөрі ештеңе жасамау оңайырақ деген сенім бейсаналы түрде қалыптасады», деп жауап береді. Мамандар «үйрек синдромының» теріс әсер етуі мүмкін екендігі туралы бірнеше мысал келтіреді. Яғни, жаңадан бас тарту. «Әлем бір орында тұрмайды, заманауи қызметтер мен технологиялардан бас тарту айтарлықтай кері кетеді. Қарым-қатынас мәселесінде де кері әсері бар» дейді мамандар. Мысалы, бір экспериментте адамдар әртүрлі критерийлер бойынша сыртқы түрінен мінезіне дейін ата-анасына ұқсайтын жарды таңдауға бейім екені анықталды. Мәселен, көп адамдар өз жартысын табуға қарағанда өмір бойы бақытсыз некеде өмір сүруге бейім. «Кіммен қарайсаң, сонымен ағар» деген принципін ұстанады. Себебі жаңа таныстық – жаңа эмоцияларды, жаңа кедергілерді тудыруы мүмкін. Бұл тек романтикалық қарым-қатынасқа ғана емес, сонымен бірге достарымен, туыстарымен және әріптестерімен қарым-қатынасқа да қатысты. Мамандыққа қатысты тұсын айтар болсақ, адам алғаш қызметін бастаған саласын өзгертіп келмейді және 22 жасында алған мамандығына адал болып келеді. Оны тіпті табыстың төмендігі мен қызметіне қызығушылықтың болмауы да орнынан қозғамауы мүмкін. Г.Андерсеннің «Сүйкімсіз үйрек» ертегісінде өзін үйрек санаған аққу балапаны үйректер арасында бақытсыз ғұмыр кешіп, кейіннен өз ортасын тапқанда бақытқа кенелетіні де көп адамды өз ортасын табуға талпынуын мензейме ме?!

Қазаққа «Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық» деген сөз бар. Импринтинг деп аталатын бұл әсердің айтпағы, мәселен сіз отбасыңызда көріп-өскен дүниелердің барлығы қалыпты құбылыс болып танылады. Импринтингтің ең танымал мысалы ретінде мына бір тәмсілді келтіруге болады. Кішкентай қыз анасының кешкі асқа балық дайындап жатқанын бақылап, табаға балықтарды салмас бұрын, басы мен құйрығын кесіп тастайтынының мәнісін сұрайды. Анасы «Әжең осылай жасайтын» дейді. Қыз әжесіне барып сұрағын қайталайды. «Мен жақсы білмеймін, менің анам солай жасайтын» дейді әжесі. Қыздың әжесінің анасы да әлі тірі болатын, оған барғанда жиеншарының бетінен сүйген кейуана: «Менің табам өте кішкентай болатын» деген екен. Яғни, бір нәрсенің ұзақ жылдар бойы солай жасап келген дәстүрі бар болуы оның ең жақсы баламасы дегенді білдірмейді дегенді тұспалдайды тәмсіл. Иә, бұл біз айтқан синдроммен астасып жатқан бір құбылыс. Демек, бұл синдромнан ұқпағымыз – ескіні құрметтеу арқылы, жаңадан қорықпау қажет.

ТАНЫМ

25 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

Шығыс халықтарының ертедегі аңыз ертегілерінде Феникс құсы от төрізді қызылала – сарыала түстес келіп, нұрдан жаралғаны туралы наным қалыптасқан. Ол өлгенде жаны аспанға ұшып кетеді екен. Құдай бар болса, сарыала қаз құсының тұқымы үзілмейді, өртенсе, күлінен қайта тіріліп кететін әулие сынды. Өйткені сарыала қаз аспаннан отқа оранып, көл үстіне шырылдап түседі дейді. Ол адам аяғы баса бермейтін биік тауларда тіршілік етіп, шың басындағы қазан шұңқырлардың мөлдір, тұнық суларында балапанын өргізеді екен.

Айдыңны бөлек

АЙНАКӨЛ

Қасиетті Қаратау тауының Алатаумен түйіскен Жуалы үстірті белдеуінің бойы әлімсақтан Қырғыз Алатауы немесе Шерағанша қасиетті Тәңіртау аталады. Осы таудың Көксай, Ақсай және Тобышақты аңғарлары етегіндегі Мыңбұлақ жазығы Шерхан Мұртазаның туып-өскен, кіндік қаны тамған отаны. Жазушының «Сарыала қаз Феникс», «Ақсай мен Көксай», «Түз кесел» әңгімелері кез келген оқырманды тақырыбы арқылы елең еткізіп, иірімдей тарта әнелесі.

Сарыала қаз Феникс өңгімесінде жол бастаушы орманшы, жылқышы үшеуі Тәңір тауын аралау барысында, шың басындағы көлде болғанын, белгісіз аңшының құсты атқан сәтте, ашық күнде найзағай оты ойнап, аспан айналып жерге түскендей тау құлауынан кейінгі, ұйқылы-ою шағындағы мәңгілік мұздақтарды жағалай тіршілік ететін аң-құстардың құрылтайы жайында, ертегі аралас оқиға баяндалады. Аңыздың түбі шындықтан құралатыны белгілі.

Мұзарт шыңдар қойнауларында мекендейтін тағы аң-құстардан күнге табынған ғұн – гүн тайпаларының, көкбөріден өрбіген, көк тәңіріне тәу еткен көк түркілерінің таралғаны ескі жыр-дастандарда айтылады. Аңызбен астасқан жыр-дастандар болған оқиға желісіне негізделетіні хак.

Аталған әңгімелер тауға баруға, мұзарт шыңының басындағы көлді көруге тартты да тұрды. Жергілікті жуалылық тумаларды үгіттей жүріп, тау кереметін асыра қоса айта жүріп, шыңға бет байладым. Жасакты тау әңгімесіне жетік жігіттерден құрып, күні белгіленіп, әйтеуір тауға шығуға дайын да болдық. Арман, Феникс мекені Айнакөлді бір көру.

Сонымен, Б.Момышұлы ауылынан шығып, оңтүстік шығысты бетке өрлей жол тарттық. Оң жақ мандай тұста Алатаудың қарлы шыңдары менмұндайды. Көксай аңғары автокөлікке ыңғайлы жер жатысы жолымен отыз бес шақырымдай. Ары қарай жаяуға қуат берсін.

Топ ішінде ел басқару ісінде атқа мініп жүрген Марат Қасымбеков пен Ғани Қуанышев және екі шанышқылы, тау жүрісіне ыңғайлы сідам Артық пен аккөңіл жолсерік – Ержан.

Жуалыда туып-өскендіктен, бұрынғының өлкеде ел басқарған тұлғалары жайында, осы жерде іздері қалған абыздар мен ақын-

жыраулар, елін қорғаған Бердіқожа, Ақментей батырлардың, Қоканға қараған тұстағы Батырбек, Байзақ датқалардың басқаға бағына жүріп қол астындағы халқының болашақ тағдырына әсер еткен игі істері жайлы, патша кезіндегі көзі ашық Мақұлбек, Қабылбек, Жандарбек болыстардың, текті би Текебай мен Дәуімбет, Төребек сынды билердің асыл қасиеттерін қозғап, ел аузында қалған сөздерімен жол қыскартуды.

Мен ойда отырмын. Тарихи деректерде ел билеген қағандар мен әміршілер жорықтарында Жетісу мен ертеректе Жиделі Байсын делінетін өлкелердің аралығына жататын Жуалының табиғатына тамсанбауы, көңіл бөлмеуі мүмкін емес.

Кейбір тарихшы, жазушылардың еңбектерінде әлемнің билеушісі атанған ұлы Шыңғысхан алғашқы жойқын, батыс жорығында Хорезм хандығын күйрете жеңген құрметіне, қайтар жолда Шақпақ асуы мен Мұңбұлақ жазығында тойлаған деген мәлімет келтіріледі. Ал Боралдай таулары басталатын Қошқаратау ауылының Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек ауданымен шектесетін оңтүстік тұсында, қозы көш жерде Орда қонған биігі тарихтың куәсі.

Қытай саяхатшыларының Х ғасырға дейінгі бүгінге жеткен жазба деректерінде Мыңбұлақ қағандардың жазғы жайлау қонысы (резиденциясы) болғаны, бұғы өсіріп, арнайы сырғалау, қоңыраулау арқылы санақ жүргізгендігі және сол замандарда қорық жасалып, аң аулау өнерін тамашалайтындығы айтылады.

Ал Баукең дүниеден өткеннен кейін, туған жеріне тәу ете келген өнер күдіретінің иесі Н.Тілендиев Мыңбұлаққа іліне жол жиегіне аунай кетіп, «Сен жұтқан ауаны жұттым, сен ішкен бұлақтан су іштім, сен аунаған топыраққа аунадым, қасиетіңнен айналайын Бәукем, батыр көкем» деп, біраз шерін тарқатып алған деседі.

– Түлкі кетті! – деген Мөкеннің ащы даусынан селт ете, жан-жағыма қарасам оң жақ қапталда батыр Бауыржан Момышұлының туып-өскен мекені Момышұлақтан өтіп барады екенбіз. Бұл маңайда мұндай бұлақтар мыңдап саналады. Мыңбұлақ аталуы содан болар.

Жер беті халықтарының бірінде ел қамын ойлаған, елге сыйлы жандар дүниеден кайтқанда, Жаратушы рухын аң-құсқа айналдырып, ескі қоныстарына жібереді-мыс. Мүмкін рас та шығар. Жаратушы бір емес пе. Мүмкін бізге әркез көрінетін түлкі, қоныс иесінің бір кейпі болар. Аңды атуға болмайды.

Момышұлақтың үстінде ескі Қара жолдың сұлбасы білінеді. Анау – терек ағаштары мол Талапты ауылы. Еліміздің аймақтарында қаймағы бұзылмаған, тек бір атадан тарайтын рулы ел қоныстанған елді мекендер бүгінгі күнде саусақпен санарлық. Бірақ кездеседі. Ауылда Бәйдібектен өрбіген Шымыр атаның Құли әулеті дара отыр. Бұл да тазалықтың бір нышаны шығар.

Ауылдан шығысқа қарай Мұртазаның қыстауы, қатарлас жатқан Бөдене ескі қыстауларының орындары. Одан әрі Ыбырай сайдан жол оңтүстікке өрлей жөнелді. Солтүстік еңісте жұмақ мекен Алатау ауылы көз тартады. Кезінде Жоңғар шапқыншылығы тұсында қырғыз мекен еткен болар, бір уақыт Шоң Қара аталыпты. Төменде Қызыларық ауылы қарауытады. Иек астында – өмір жолының бір аялдары Сұрым бекеті.

Алатау етегінде Ақсай мен Көксайдың арасындағы Қорым жайылымы мен Керегетас сайы бүгіндері малшылардың мырзалары отыратын мекеніне айналған. Шілденің аптап ыстығында мұнда самал есіп тұрғандықтан, қара күз түскенше жасылға бөленіп тұрғаны.

Ал қырғыздың сызығына енетін Манас шыңы осы маңдағы шыңдардың төресі саналады. Мызғымастай тұрпатына, өзгермейтін ақ бас шыңдарына сүйсінбейтін жан жоқ шығар. Талай әңгіменің желісіне арқау болған нағыз Тәңір Шыңы міне осы. Бірақ созыла берілген темір тордың арғы жағы. Өкінішті.

Мына көксайдың арғы бетінен кезінде Кеңес үкіметі бетон канал жүргізген. Әр ел өзінше шаңырақ көтерген тұста Қырғызда қалыпты. Қырғыз шекарасында болғанымен, төменде егіс алқаптарын суаруы – біздің дихандар. Жақын жылдары туындаған екі жақты жағдайларға байланысты, канал аңғардың бергі тұсынан қайта салынуы

үкіметтік деңгейде шешіліп, қазіргі таңда жаңа канал ел игілігін ақталуда.

Бүгінгі күні Көксай шатқалы тауға құмар оңтүстік өлке жұртының жиі баратын демалыс жайына, шатқал биігіндегі Айнакөлді көрушілердің көптігінен аңғардың ауызы туризм орнына айналууда.

Аңғардың аузында, «Ақсу Жабағылы» қорығының кардоны орналасқан. Кеш болмай осында жетіп үлгердік. Тау қарауылдарына сапарымыздың мән-жайын түсіндіріп, келер күнгі таңғы сағат 4-30 жолға шығатын болып, жақсылап тынығып алуға жайғастық. Осындағы кар басқан шыңдарға бұрын көтерілмегендіктен келер күнгі саяхатымызға аландаудамыз.

Белгіленген уақытта тік көтеріліп, жолға шықтық та кеттік. Жалғызаяқ жол. Бір жағымыз шың да, келесі беті – шыңырау. Теледидардан еліміздің солтүстік аймағында биіші қайың шоғырын көрсетіп жатады. Биіші қайыңның бір қонысы Көксай аңғарының орта белі екен. Міне, қайыңның сұлулығын осында кездестірдік. Таңғаларлығы, киімге не шан, не көк жағылмайды. Тылсым табиғат керемет қой. Ағаштар мен өсімдіктердің неше түрлері кездеседі. Суырдың ысқырған дауыстары. Басқа дүниеге енгендей әсермен келеміз. «Таңғажайып» сөзінің мәнісін енді ұққандай болдық. Мұндайды мың естігеннен, бір көрген дұрыс.

Шамамен, алты-жеті сағаттай мөлшерде, баян жүріспен міне жарқыраған Айнакөлге де жеттік. Теңіз деңгейінен үш мың метр биіктен жоғары. Аумағы төрт гектарға жуық. Көлдің беті жетімсіреп тұрғандай, тіршілік сезілмейді. Қаруінен жиналғандықтан суы өте салқын. Көлдің төменгі жағалауы көкөрай шалғын, жазықтық. Бір жайлау қонысына тартады. Қызылсары суырлардан мол тіршілік иесі жоқ. Әр тастың асты қазылған ін. Айнакөлден жоғары мәңгілік мұз құрсаңының шың жартастарға дейінгі бес жүз метрдей аралықта, қоралы үй қонған көлемге шамалас бес-алты тау қазан шұңқырларында су айдындары жалтырайды. Ең жоғарғысына көтерілгенімде мәңгі мұзды көл алдымнан шықты. Бұл биіктікте мұз бен қардың толық еруіне мүмкіндік жоқ екен.

Өкініштісі, феникс мекенін көргенімізбен, сарыала қазды көре алмадық.

Қырық күнге созылатын шілденің екінші жартысында ғана мұнда жер жіпсіп, шын өсімдіктері тірші-

лігін жасап қалады екен. Тым қысқа болғанымен асқақ, паң тіршілік. Айнала көрпе бойы алуан түсті гүлдер. Мұндай ашық түс түрлері төменде кездесе бермейді, тамсандырады. Қызылдың неше түрі, жасылдың түрлері, қою көк дейсің бе, күн түстес сары гүлдер. Бір көруге арман, нағыз жұмақ мекен.

Жоғары қарап отырып, құздардың арасындағы мұздақтардан екі конжығын ерткен аюды көруге мүмкіндік туды. Міне, керемет. Көзге түсе бермейтін тылсым табиғаттағы жабайы аю. Бұған да шүкірлік айтып екі жүз метр шамалас оң қапталдағы шың қуысына ендім. Таңғажайып осында екен. Мұз еруінің соңғы күндері болса керек. Көп гүлдердің арасынан Еңлікгүл (Эдельвейс) жарқ ете қалды. Міне, саған гүлдердің асылы. Көрсеткеніңе шүкір. Еңлікгүл адам аяғы жете бермейтін шыңдарда ғана кездеседі. Ертегілерде айтылатын мәңгілік махаббат гүлі.

Аспан үсті, көк кеністігінің иесі қыран самғауы әсерін сезіндік. Жоғарғы шыңның оңтүстік батыс алқабы Өзбек жері де, шығысқа қарай Қырғыз таулары. Үш бауыр-мал елдің түйіскен жері десек те болады.

Аунап-қунап тау ләззатын алған соң бесін шамасында қайтуға жиналдык. Төмен түсіп келеміз. Батысқа созылған Қаратау, биіктен аласа жоталар тізбегі іспеттес.

– Қаздың даусы келе ме? – деді бір кезде сакқұлақ Ғани.

Көз салсақ, аспан көкжиегінде көдімгі жабайы қаз.

– Мұнда қайдан жүр? – деді таңғала Артық.

Оңтүстік батыс көкжиектен ұшып барады. Әлде күнге шағылысып солай көрінді ме. Мүмкін емес. Қаздың түсі сарыала.

– Сарыала қаз Феникс жайлы әңгімеде аңыз желісіне құралған, өртенсе, күлінен қайта тіріліп кететін сондай әулие құс болады, – дедім.

Аңшы аң-таң.

– Мүмкін сол шығар.

– Иә, мүмкін. Кезінде Шерағанның төбесінен шырылдап ұшып, Көксай аңғарының аузына дейін шығарып салған Феникс құсы ұрпағының жалғасы болар.

– Құдіреті күшті Жаратушы, сарыала қаз бұл жолы да жападан-жалғыз.

– Оның мекені, тәңірге жақын орын тепкен, Айнакөл де жалғыз.

Алдияр КӨБЕЕВ,
Жамбыл облысы
Жуалы ауданы

ТАРАЗЫ

25 ҚАҢТАР 2024 | СЕНБІ

Тарихын білмеген елдің болашағы бұлыңғыр. Бұл – өмір шындығы. Уақыт ақиқаты. Сондықтан өткенді ұлықтау, барды бағалау бүгінгі, һәм келер ұрпақтың парызы. Алайда «тарих» деген де «әттеген-ай» дейтін тұстарымыз аз емес. Әсіресе, бабадан балаға жеткен құнды мұрамызды қастерлеп, танытуда ақсаудамыз. Оған бір ғана дәлел – Қазақ хандығының Туы тігілген Қозыбасы мекені бүгінде елеусіз қалып отыр.



ҚОЗЫБАСЫ

рихи өлке» атты кітапқа жинақтап, келер буынға мол мұра қалдырып отыр.

«Мойынкұм ауданындағы Қарабөгет ауылынан арқаға апаратын жолда, Қарабие өзенінің бойында «Қайып» деген жер бар. «Қайыптан» шығысқа қарай 12 шақырымдағы жерді «Қасым басы» деп атайды. Бұл өңір Қасым хан мен Қайып ханның жайлауы болған. Осы тұстан терістікке қарай 40 шақырым жүрсеңіз, «Қилықожаға» барасыз. Ол кісі Ақжол бидің (Дайырқожаның) інісі. Ал «Керегетаста» «Жәнібек қыстауы» дейтін жер бар. Мұнда Арғын-Жалайыр болысына қарасты 16 ауылдың адамдары, атап айтқанда Махамбет, Ыбырайымқұлдың әулеттері 1929 жылға дейін қыстап келді», – дейді тарихи жазбасында автор.

Ахметәлі Жанғозиев айтып отырған тарихи жерлер бүгінгі күнге дейін сақталған. Қасым хан – Жәнібек сұлтанның баласы болса, Қайып хан – Тәуке ханның баласы. Керей мен Жәнібектің Әбілхайырдан бөлініп кетуінің бір себебі – Ақжол бидің (Дайырқожаны) қарақыпшақ Қобыланды батырдың өлтіруі. Ақсақал айтып отырған Жәнібектің қыстауы болған «Керегетас» деген жер Сарыөзек ауылының тұсында, солтүстікке қарай шамамен 30 шақырым жерде орналасқан.

Ахметәлі Жанғозиев тағы бір деректі былай баяндайды: «Кіші Қамқалы ауылының шығыс жағындағы Шу өзенінің терістік беткейіндегі жер мыңдаған жылдар бойы «Қаратал» деп аталып келеді. Жері шұрайлы, тірлікке қолайлы өзеннің бұл маңының ені қысқа, яғни ұрымтал тұс. Жәнібек пен Керейдің көші нақ осы жерде мұз үстімен өзеннің теріскей бетіне өткен. Жәнібек хан мен оның

НЕГЕ ЕЛЕУСІЗ ҚАЛДЫ?



Бүгінде жоғарыда айтылған «Керегетастағы» Жәнібек сұлтанның қыстауының орнын ешкім дәл айта алмауда. Ал Қараталдағы Жәнібек сұлтан мен Қасым ханның жұртының орнында Кеңес дәуіріндегі ғимараттардың қаңқасы тұр.

баласы Қасым хан қыстаған «Қараталды» ырым қылып, қойтас болысы Мәдібек Кеншімов осы жерден қыстау салған. 1960 жылы Мәдібектің қыстауының орнына «Мойынкұм» кеңшарының бірінші бөлімшесі орнықты», – дейді қария.

Бүгінде жоғарыда айтылған «Керегетастағы» Жәнібек сұлтанның қыстауының орнын ешкім дәл айта алмауда. Ал Қараталдағы Жәнібек сұлтан мен Қасым ханның жұртының орнында Кеңес дәуіріндегі ғимараттардың қаңқасы тұр. Ахметәлі Жанғозиевтің айтуынша, 1983 жылы Сарыөзек ауылында «Кенесарының өткелі» деген жер болыпты. Ол маңда Байтал кеңшарының малшылары жайлауда отырған.

Кенесары өзіне қарасты 20 мың түтінімен орыс әскерінің қысымына шыдамай оңтүстікке ығысып, Шу өзенінен өткені тарихтан белгілі нәрсе. Сол өткел Қараталдың маңында, Шудың ең еңсіз жерінде орналасқан. Бұрындары ол жерді «Кенесарының өткелі» деп атаса, қазір халық «Тасөткел» деп атайды. Себебі өткелдің табаны қиын-керіш, тастақтан құралған.

Тағы бір айта кететіндігі Керейді Ақ киізге отырғызып, хан сайлаған жерді 1465 жылдары М.Дулати өзінің «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде «Тұлпарсаз» деп атап өтеді. Бұл жайында кейіннен Жамбыл облысы әкімдігінің Тілдерді дамыту басқармасының қолдауымен жарық көрген «Тарихи зерде – жаңғырған атаулар» атты кітапта айтылады.

«Демек, осынау қасиетті қоныс, хан жайлаған өңір Мойынкұмдағы Қозыбасы тауы Қазақ хандығының алғаш Туы желбіреген жері екені даусыз. Тұлпарсаз – Жамбыл облысының Мойынкұм ауданының орталығы – Мойынкұм ауылынан басталып, Құмөзекке дейінгі Шу өзенінің атырауына келіп таралатын, шамамен 40-50 шақырым аралығын алып жатқан бөлігі. Бұл жерді тұрғылықты халық ежелден «Тұлпарсаз» деп атаған. Сыр бойынан тышқан жылы қара күзде үдере

қойса болатын еді. Уақыт өте келе бұл жерлерді де көрсететін адамдардың қатары сиреп бара жатқаны және бар. Жер бетінде 1,5 млрд мұсылман болса, бәрінің тәу ететін жері – Мекке-Мәдине, яғни Ислам дінінің орнаған жері. Сол сияқты жер бетінде шамамен 20 миллион қазақ болса, қазақ ұлттының атауы дүниеге келген жері, мемлекеттіліктің пайда болған мекені Мойынкұм, төменгі Шу бойына атбасын бұрып, әркім құрмет көрсетуі керек деп ойлаймын.

Осы қасиетті жерлерді іздеп келетін бір қазақ болатын болса, сол тарихи жерлерге ең болмаса стелла қойып, тақтайшаға қысқаша жазып қою сияқты әрекеттер жасау керек.

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай кинофильм түсірілгенін бәріңіз білесіздер. Ол тарихи Туынды болғандықтан сол киноның ең болмаса бір сериясын осы Шу бойында түсіріп, жер атауларын халықтың есіне салып, сол жерлерді көрсетіп, ауып келген елге сая, малына пана болған

Мойынкұмның табиғатын, һәм тарихын таныстырғанда дұрыс болатын еді.

Кіші Қамқалыда, кезінде Сәкен Сейфуллинді Арқадан Әулие-таға жеткізген Сүйіндіктің ұрпақтары Шу өзенінің бойына, Сәкен өткен өткелге белгі қойды. Ал Қазақ хандығының Туы тігілген Қозыбасыға бір белгі қоя алмай отырғанымыз өте өкінішті. Бұл бабалар рухы мен ұрпақ алдындағы ұят нәрсе, – дейді тарихшы, өлкетанушы Максұт Омаров.

Иә, өлкетанушының қынжылысы орынсыз дей алмаспыз. Шынында, бүгінде Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойынан қалған дүние некен-саяқ. Әр облыс салып берген саябақтар қала құрылысының бір бөлігіне айналып кетті. Тек Керей мен Жәнібек ханға қойылған ескерткіш болмаса, елдігімізді көрсетіп тұрған ештеңе жоқ. Ал Қазақ хандығының Туы тігілген Қозыбасы құм үйілген төмпешік қана болып жатыр. Егер «Қазақ хандығы» фильмі желісіне орай Қозыбасыдан шағын қалашық тұрғызып, туындыны осында түсіргенде кейінгі ұрпаққа сол жәдігерлер мол мұра болып қалар еді. Әрі бұл туристерді тартатын бір тетік болары хақ. Алайда мұны ойлаған ешкім болмады.

«Ештен кеш жақсы» дейді қазақ даналығы. Бәлкім қазіргі облыс пен Мойынкұм ауданының әкімдері осы мәселені қолға алып, Қозыбасына бір белгі қойса, жоғалғанымыз табылып, ұмыт болғанымыз қайта жаңғырар ма еді?!

А Саян ТІЛЕУЖАН,
Жамбыл облысы

Қазақ хандығының жалауы желбіреген Мойынкұм ауданының біраз жері Шу өзенінің бойында орналасқан. Айдарлыдан Ұлан-белге дейінгі ауылдар Шу өзенін бойлай қоныстанған. Кезінде Асан қайғының өзі табиғатына тамсанған Шу бойы бүгінде төрт түлікке пана, жанға сая мекен. Мұнда тарихтың әр кезеңінде ауа көшу, қайта оралу процестері жүріп жатты. Әсіресе, ең маңызды тарихи оқиға – Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілхайыр Шайбаниден бөлініп, осы Шу бойына қоныстанып, қазақ хандығының ірге тасын қалауы.

Кез келген халықтың жаз-баша және ел ішінде ауыздан-ауызға тараған тарихы болады. Біздің де ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ауыздан-ауызға беріліп келген тарихымыз бар. Оны көне-нің көзі, тарихтың өзі болған қарияларымыз жадында сақтап келеді. Алайда олардың саны бүгінде сиреуде. Көне көздердің айтқандарын қағазға түсіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізу парызы. Міне, сондай даналық дәнегін сеуіп жүрген өлкетанушы ақсақалымыздың бірі – Ахметәлі Жанғозиев.

Өлкетанушы жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қариялардың айтқан деректерін хатқа түсіріп, сол оқиғалардың тарихи шындыққа жанасатынын дәлелдеп кеткен жан. Ол жазбаларын «Мойынкұм – та-



ӨЗЕКТІ

25 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ



Елдар КАБА (сол жақ)

Бүгінде жасөспірімдер арасындағы тәртіп мәселесі алаңдатып тұрғаны жасырын емес. Буыны қатпаған жеткіншектердің бір-біріне әлімжеттік көрсетіп, тіпті соңы қайғылы оқиғалармен аяқталып жатқаны жан түршіктіреді. Әсіресе, Жамбыл облысы Байзақ ауданындағы былтырғы оқиға дүйім жұртты дүр сілкіндірген болатын. Мектеп әжетханасында көз жұмған 8-сынып оқушысына қатысты қылмыстық істің үкімін сот күні кеше шығарғанымен, ажал құшқан баланың ата-анасы «күдіктілерге жеңіл жаза берілді» деп шырылдауда.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

ӘЛІМЖЕТТІКТЕН ӘЖЕТХАНАДА КӨЗ ЖҰМДЫ

Әңгіменің әлқиссасын әріден бастасак, 2024 жылғы 30 сәуірде Құмжота ауылында Ыбырай Алтынсарин атындағы мектептің жоғары сынып оқушылары әжетханаға 8-сынып оқушыларын жинап, өз нұсқауларын орындауды талап еткен. Айтқандарына көндіру үшін оларды кеуде тұсынан жұдырықпен ұрып шыққан. Сол кезде Мирас Мәлік кеудесінің сол жақ бөлігінен алған

туралы мектеп әкімшілігіне ата-ана сан мәрте ескертсе де, нақты шара қолданылмапты. Соны қайғылы оқиғамен аяқталып отыр.

Күні кеше Жамбыл облысының кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында аталған қылмыстық іс қаралып, күдікті ретінде танылған үш мектеп оқушысына сот үкімі шықты.

«Үш сотталушының біреуі ауырлығы орташа санаттағы

БІЛІМ САЛАСЫНДА ЗАҢСЫЗДЫҚ БЕЛЕҢ АЛЫП ТҰР

циялық сотқа шағым түсіргелі отыр.

— Тергеу амалдары кезінде күдіктілердің түрмеде отырған бір күні екі күн болып есептеледі. Сонда олар 1 жыл 8 айын отырып қойды деген сөз. Енді сот қылмыскерлерге 6 жыл 8 ай жаза белгілеп отыр. Яғни, баламды өлтірген адамдар 5 жыл отырып шығады деген сөз. Бұл — әділетсіздік. Сондықтан біз Жоғарғы сотқа шағым түсіреміз. Қылмыскерлер әділ жазасын алмай, артқа шегінбейміз, — дейді ұлынан айырылып, қан жұтқан ана Раушан Құдасова.

Ал мектеп қабырғасындағы қазаны аяқасты болған ажал деп жасырған мектеп әкімшілігіне қатысты сот үкімі шыққан жоқ. Бұл бөлектенген іс бойынша қаралады екен.

Міне, осылайша ай-күннің аманында әжетханада көз жұмған жасөспірімге қатысты алғашқы сот үкімі шыққанымен, әлі нүктесі қойылмауда.

ЖАСТАРДЫҢ ЖҰМБАҚ ӨЛІМІ

Байзақ ауданында былтыр болған жантүршігерлік оқиғаның тағы бірі — мектеп оқушы-



P.S.

Міне, осы жағдайлардың өзі Байзақ ауданында, түптеп келгенде облыста оқушылар арасындағы тәртіптің ақсап тұрғанын анық аңғартуда. Мектептерде директорлар, психологтар мен инспекторлардың жұмысы кенжелеп тұрғанын көрсетеді. Енді бұл оқиғалардан білім саласына жауаптылар қандай сабақ шығаратыны белгісіз.

Негізі, бұл Байзақ ауданында былтыр немесе алдыңғы жылдан шоғырланған мәселе емес. Білім саласындағы келенсіздіктер жылдар бойы қатталып, соны сыздауықтай солқылын сездіруде. Міне, осы жүйені ауданға күні кеше әкімдік қызметке тағайындалған Олжас Баққараев бұза ала ма?

Ол енді уақыт еншісіндегі нәрсе. Әйтеуір, «жабулы қазан жабулы күйі қалып», биыл да «білім саласы» дегенде бармақ тістеп жүрмесек болғаны.

соққының салдарынан тіл қатпастан көз жұмған.

Бұл оқиғада кінәлары жоқ екенін дәлелдеу мақсатында мектеп әкімшілігі «баланың жүрегі ауырады», «өздігінен талып қалды» деген сынды сан сылтауды алға тартқан. Алайда Мирастың адам қолынан қаза тапқаны тек сыныптастарының «соққы алған соң құлады» деп куәлік еткеннен кейін ғана белгілі болған. Ал күдіктілер қара жамылған отбасы полицияға арыз жазғаннан кейін барып ұсталған.

Мирастың анасы Раушан Құдасованың айтуынша, ұлы 8-сыныпқа өтіп, таңғы ауысымда оқи бастағаннан мектепке барғысы келмеген екен. Кейін белгілі болғаны, жоғары сынып оқушылары үйлеріне апарып жұмыс істетіп, көнбесе ұрып-соққан. Бұл

қылмыс жасаған деп айып тағылғандықтан, оған бір жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды. Екі сотталушыға қатысты 293-баптың 2-бөлігі 1-тармағымен және 106-баптың 3-бөлігімен және де екеуінің біреуіне айдап салушы ретінде 28-баптың 4-бөлімімен қосымша жаза тағайындалды. Түпкілікті 6 жыл 8 айға бас бостандығынан айыру жазасы белгіленді, — деді сотта судья Гүлмира Әлімқұлова.

Бұдан бөлек, қара жамылған отбасыға сотталушылар тарапынан 11 миллион теңге көлемінде моральдық өтемақы төлеу міндеттелді. Осылайша, мектеп қабырғасында жүріп қылмыскер атанған үш оқушыға қатысты нақты сот үкімі шықты. Алайда бұл жазамен марқұм Мирастың жақындары келіспей, аппеля-

«СЫРЫМДЫ» ЖАПҚАНЫ – НӘСІПТІ ЖАПҚАНЫ

Батыс Қазақстан облысында Қазақстан-Ресей шекарасындағы «Сырым» өткізу пунктінде қайта жаңғырту жұмысы жүреді. Ол үшін бюджеттен 21 млрд қаржы бөлінген. «Сырым» өткізу пунктін қайта жаңғырту жұмысы 1 жыл 6 айға деп жоспарланған. Бұдан бөлек, Ресей мен Қазақстан арасын жалғап тұрған шекара пункттері бар. Олар –Тасқала, Шаған, Жәнібек, Сайхын, Ақсай өткізу пункттері. Бұл пункттердің ішінде халықаралық өткізу бекеті саналатын Тасқала, Шаған және Сырым өткізу пункттері. Осылардың ішінде «Сырым» өткізу пункті – ең ірі халықаралық шекара өткелі. Бұл жерден ТМД мемлекеттерінің ауыр жүк көліктерінен бөлек, Еуропадан тауар таситын жүк көліктері өтеді. Атап айтсақ, Аустрия, Белгия, Болгария, Венгрия, Германия, Кипр, Испания, Нидерланды елдерінен келетін жүк көліктері де осы «Сырым» өткізу пунктінен өтеді. БҚО Кірістер департаменті бұл өткелмен жылына шамамен 500 мыңдай көлік өтеді, соның 250 мыңдайы ауыр жүк көліктері деп отыр.

А Жанат Қайырғожина,
Батыс Қазақстан облысы

– «Сырым» өткізу пунктінің күрделі жөндеуге жабылуы БҚО үшін қиынға соғады. Себебі біздің облыстан ештеңе өндірілмейді. Біз бәрін сырттан тасимыз. Егер өткізу бекеттері жабылып, ауыр жүк көліктерінің саны қысқарса онда облысқа кіретін азық-түлік пен құрылыс материалдарының бағасы аспандап кетеді, – дейді кәсіпкер Тұрарбек Тілемісов.

Облыс аумағындағы кәсіпкерлер «Сырым» өткізу бекетін түгел жаппай жартылай жабуды ұсынып отыр. Себебі басқа өткізу бекеттері осыншама жүк көліктерін қабылдай алмайды. Олар – тек шағын өткізу бекеттері.

БҚО-дағы «Сырым» өткізу бекеттеріне шағым өте көп. Себебі бұл жерде фуралар 2-3 тәуліктеп кезекке тұратын кездер болады. Жоғарыда атап өткеніміздей, көлік нөпірі көп, ал тексеретін аймақ – біреу. Содан келеді де 300-400 жүк көлігі тізіліп кептелісте тұрады. Мұны батысқазақстандықтар өте жақсы біледі. Мың қайтара журналистерді шақырып, шу көтерсе де, бір шешілмей жүрген түйткіл еді. Енді Үкімет қомақты қаржы бөліп, «Сырым» өткізу пунктін кеңейткілі жатыр.

– «Сырым» өткізу пункті қазір 6 жолақты. Қайта жаңғыр-

тудан кейін 12 жолақты болады. Біз сол кезде 6 бағытқа ары өткізіп, 6 бағытта бері қабылдай аламыз. Жаңғыртудан кейін ол жерде үлкен әкімшілік ғимараты болады. Жаяу жүргіншілер сол әкімшілік ғимаратының ішімен өтетін болады. Ал көліктер өтетін бөлек өткел саламыз. Ол жерде көліктің ішін түгел тексеретін рентген аппараты қойылады. Сол жерден салмағы өлшеніп, жүк тексеріліп толық тексерістен өтетін жағдай жасалады. Құрылыс жұмыстары негізі ақпан айының басында басталады деген болатын. Бірақ қазір мердігер компаниялар өзара соттасып жатыр. Тендерден ұтылып қалған компания шешіммен келіспей ұтқан

отырмыз, – деп атап өтті «Қаза-автожол» ұлттық компаниясының БҚОФ директоры Асылбек Мардан.

Атамекен кәсіпкерлер палатасында өткен кездесуде жүк тасымалымен айналысатын кәсіпкерлер өткізу пунктін түгел жауып тастауға қарсы екенін айтты. «Кәсіпкерлер өткізу пунктін жартылай жауып, жөндеу жүргізу қажет» дейді. Ал егер түгел жауып тастаса, Ресей арқылы өтетін барлық көлікке жол жабылады. Бұлардың ішінде жолаушылар автобусы да бар. Кәсіпкерлер «егер шекараны толық жауып тастаса, бұл біздің облыстың экономикасына ауыр соғады» деп отыр.



компанияны сотқа берді. Енді соттың шешімі шықпай, біз құрылыс жұмыстарын бастай алмай

– Қазір айына екі рет шекараны кесіп өтеміз. Ауыр жүк көліктері арқылы Еуропадан зат

тасимын. Егер шекараны түгел жөндеуге жауып тастаса, біздің жағдайымыз не болады? Бұл облыс экономикасына өте ауыр тиеді деп ойлаймын. Себебі біз бәрін Ресейден, қала берді Ресей арқылы Еуропадан тасып отырмыз ғой, – дейді кәсіпкер Рустам Сайфуллин.

Ал кәсіпкер Тұрарбек Тілемісов болса, Ресеймен шекараны уақытша жабу бағаның қымбаттауына әкеліп соғады деп есептейді.

– Біздің Оралда ештеңе өндірілмейді. Ертең жазда жүк көліктерінің саны артады. Нағыз жұмыстың қайнайтын уақыты. Жол құрылысы, үй құрылысы

баттайды деген сөз. Бұдан бөлек, қажетті азық-түлік, киім-кешек бағасы да қымбаттайды. Себебі енді шекараны жапса, жүк көліктері ай сайын қатынай алмайды. Олар 2-3 айда бір рет тасымалға шығуы мүмкін. Ол шығынды жаппайды, содан келеді де баға өседі. Біздің кәсіпкерлердің жалғыз өтінішіміз бар. Шекараны жөндеу қажет. Қолдаймыз. Бірақ толық жаппасын. Жартылай жүк көліктері қатынайтын жол қалдырып, қалғанын жөндей берсін деген тілегіміз бар, – дейді кәсіпкер Тұрарбек Тілемісов.

2024 жылы БҚО-на Польша, Түркия, Молдова, Әзербайжан, Иран елдерінен келген жеміс-жидектердің айналым құны 11 294,3 мың АҚШ долларын құрапты. Бұл біз келтіріп отырған бірлі-екілі мысал ғана. Бұл ақпаратты бізге БҚО Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық басқармасы берді. Ал осы БҚО-на кіретін барлық тауар сол «Сырым» өткізу пунктін арқылы өтеді.

Кәсіпкерлердің өткізу пунктін түгел жабуға қарсы болып, ойбайлап жатқаны – осыдан. Бұдан бөлек, облыстан Ресейге ем іздеп баратын жан көп. Оларда шекара түгел тоқтаса, емімізді қалай жалғастырамыз деп уайымға салынып жатыр.

Қазір тиісті органдар шекараны қашан жөндеуге жабатынын және қалай жабылатынын талқылануда. Ал әзірге нақты жауап жоқ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабы негізінде университетке қарасты «Жаратылыстану ғылымдары» факультеті үшін қосымшаға сәйкес тауарларды сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, жүкқұжат, электрондық шот-фактура);
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім берушінің тауарлардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Әлеуетті өнім беруші ҚҚС төлеуші болса, ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.

6. Әлеуетті өнім берушінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы;

7. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.САТТАРХАНОВ даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын тауарлардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 17.02.2025 (12:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

«Күлкінің жеңбейтін
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады,
шаққан жері жара болады».

Оспанхан Әубәкіров

«Күле білу — өмір,
күлдіре білу — өнер,
күлкі болу — өлім».

Сейіт Ненжеахметұлы

АРА



№158

25.01.2025 ж.

«Айқынның»
сатиралық қосымшасы



ТЫҒЫЛМАШАҚ

Айдауыл қызметіндегілер қашанда қырағы, сақ әрі қарулы болуға тиіс. Оларға аңқаулық жараспайды. Өйткені олар аса қауіпті қылмыскерлерді де, қарақшыны да, ұрыны да тиісті орындарға аман-сау жеткізуге тиіс.

Алматы қалалық Полиция департаментінің қызметкерлері ұрлық жасағаны үшін күдікті 28 жасар Әубәкірді айдауыл қызметіндегі көлікпен уақытша ұстау мекемесіне алып келе жатты. Бір кезде формадағылардың тамақ жегісі келіп кетті. Енді тамақ дегенде басқа шаруа күте тұрады емес пе? Өйткені аш қарын майлы ас жемей жұбанар ма?

— Әй, біз келгенше тыныш отыр. Қыбырласаң, біреулерге сыбырласаң, әкенді танытамыз, — деп доқ көрсетті күдіктіге айдауылдың бірі.

— Қашпақ болсаң, көзіңе көк шыбын үймелетеміз, — деп екіншісі ұрыны тықсыра түсті.

Мұнан соң олар есікті тарс жауып, асханаға кіріп кетті. Қауқылдасып қанша уақыт отырғандарын ешкім де білмейді. Бірақ қарындарын сипап қайтып келгенде жер сипап қалды. Айдауыл қызметіндегі көлік орнында тұр. Бірақ күдікті көрінбейді.

— Әй, тығылмақ ойнамай шық бері. Кетуіміз керек, — деді айдауылдың бірі төңіректі азан-қазан етіп.

— Шаруанды бітіріп болсаң кел бері, — деді екіншісі.

Бірақ күдікті кешіге берді. Расында, ол шаруасын бітіріп қойған еді. Құлыпты өзі білетін әдіспен бұрап ашып, маңайда қыбырлаған, жыбырлаған жан пенде көрінбеген соң тасатамен безіп бара жатқан болатын.

Айдауылдар алақ-жұлақ етіп әрі жүгірді, бері жүгірді, күдіктіні таба алмады. Қашқын «маңғыт, ауыздарына саңғыт» деп ұзап кеткен еді.

Әрине, аңқау айдауылдар қатаң қызметтік жауапкершілікке тартылды. Бірақ өкіметтің құрығынан ұзап қайда барады? Күдікті Алматы қаласының бір түкпірінде тығылып жатқан жерінен қолға түсті.

— Тығылмақ ойнап едім, — деп қарқ-қарқ күлді қайта ұсталған ұры.

Әрине, ойнаған жақсы-ау. Бірақ оның ойыны бірнеше айдауылдың сорына айналды.

Бүгінде қызметтерінен босап қалғандардың асхана көрсе асқазандары ауыратын көрінеді. Іштері қыж-қыж қайнамай қайтеді, айдың-күннің амандығында жеп отырған нандарынан айырылып қалса.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

ҚОРҒАУШЫ МА, ЗОРЛАУШЫ МА?

Бұл қазақ бағзы замандардан оқалы, шенді-шекпенді адам көрсе-ақ болды аяғына жығылып, қолын сүйіп, құрмет көрсеткен. Расында, шенділердің мысы басып тұрады. Сондықтан да олар қазір де құрметті. Біз оларға қорғанымыз деп ілтипатпен қараймыз. Соларға қарап сап түзегіміз келеді. Бірақ бүгінде иығына пагон таққандарға үрке қарайтын жағдайға жеттік. Оқалы десек, ауызымызға жоталы деген сөз түседі. Иә, олардың жоталары күжірейіп, адам жасамайтын тірліктерге барып жүр.

— Жағалыларды көрсем, жыным келеді, — деді менің Қожанасырым жетіп келді де.

— Неге? — деп аң-таң қалды Алдар ағатайымыз. Олар қорғанымыз емес пе еді?

— Қорғанды тапқан екенсің? — Не болып қалды?

Жұртты қыран-топан күлкіге қарық қылып, өзі де жайдары жүретін Қожекеннің қабағы қарс жабулы. Түнерген бұлттай түрінен адам шошиды. Айтып отырса, иығына пагон таққандардан ұят кеткен.

Астанадағы госпитальдан шу шығады. Мұнда сырқат адамдар ғана жатпаушы ма еді? Ауру адам айқай-шуды көтереді ме? Сөйтсе, бәленің бәрі Қорғаныс министрлігі Ақмола горнизонының әскери қызметкері 2016 жылы туған кәмелетке толмаған қызға зәбір көрсетіпті. Бұл пақырдың шені подполковник екен. Сонда подполковникке осы қылық жарасады ма? Қорғаныс министрлігінің арнайы өкілі бұл деректі растады. Сұмдық па? Сұмдықтың көкесі ғой.

Қарағанды қаласының тұрғыны Жанна Әсембаева өзін полиция қызметкері әріптесінің көзінше зорлағанын айтып, шағымданып жүргеніне жыл толды. Ол полицияда өзіне жылы шырай танытып жүрген адамға алданып қалған. Сол полиция қызметкері Жаннаны досының үйіне қонаққа шақырады. Барса, үйде досынан басқа адам жоқ. Үшеуі аздап сыралатады. Сосын «сүйеді» деп сенген досы оны төсекке сүйреп, еріктен тыс зорламақ болады. Ол өз шаруасын тындырған соң қызды досына сыйламақ болады. Бірақ серігінің ұяты оянды ма кім білсін, теріс әрекетке бара қоймапты. Екеуі сөзге келіп, ерегісіп тұрғанда Жанна есебін тауып 102-ге қоңырау шалады. Алайда жедел жеткенімен патруль қыздан ештеңе сұрамайды, жауап та алмайды. Медициналық тексеруден

өткізуді де жөн деп санамайды. Мұны енді «қарға қарғаның көзін шұқымайдыға» жатқызуға болады. Осы екі ортада қызды жәбірлеген полиция қызметкері өзіндік қауіпсіздік басқармасының бастығына 3 миллион теңге беріп, жазадан құтылып кетті деген сөз бар. Бірақ, мұны дәлелдеу қиынға соғады. Ол түгілі қыздың өзі сол күні зорланғанын дәлелдей алмай жүр. «Қарғалар» бірін-бірі қорғаштап жүргенде зорланған қыз уақытты өткізіп алған.

Бұдан бұрын да осындай жағдай орын алған. Ұш полиция қызметкері топтасып қыз зорлап, тұтқындалғанда министрлік «бұл жағымсыз, маскара жағдай» деп мәлімдегені де есте.

Алматыдағы ЛА 155/18 мекемесінде Наталия Speziшинаны төрт еркек жабылып зорлаған. Ол содан жүкті болып қалады. Бірақ шенділер оны осы әрекетке өз ыркымен барды деп, қылмыстық істі жылы жауып қоя салыпты. Наталья төрт бірдей еркекке етегін өздігінен көтермейтін шығар енді. Алайда күштінің құйрығы диірмен тартады.

Қорғаушы (адвокат) «қорғаушы» деген атына сай болуы керек еді. Бірақ қорғаушыдан да зорлаушы шығып жатса не айтарсыз? Адвокат Бақытжан Хасенов таныс әйелді табиғатты тамашалап қайтамыз деп серуенге шақырады. Табиғат аясына баруын барады, бірақ әйел жылап қайтады. Оны адвокат машинаның ішінде зорлаған көрінеді.

Ал мына адвокаттың жасаған тірлігін сайтан да жасай алмайды. Ерлан Мұхаметжанов деген адвокат Қостанай стансасының басшысы Бауыржан Танкеев деген досына барады.

Оған «сенің үстіңнен мемлекеттік кірістер жөніндегі департамент қылмыстық іс қозғап жатыр. Сол департаментте таныс офицерім бар. Онымен жақын қарым-қатынастамын. Осы деректі содан естідім. Егер 5 миллион теңге берсең, істі жым-жылас жоқ қыламыз» деп жанашырлық танытады. Станса бастығы машинасын сағатады, қарызданып-қауғаланады. Ақыры, сұраған қаржыны тауып береді. Осы екі аралықта адвокат пара алу жағдайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің қызметкерлеріне хабарлай қояды. Олар дереу іске кіріседі. Бастықты департаментке алдырып, алты сағат бойы тергейді. Ол қысымнан босаған соң үйіне келіп, асылып өледі.

Таңғаларлығы сол, мемлекеттік кірістер департаментінде ешқандай да қылмыстық іс қозғалмаған екен. Бұл құйырқылықты адвокат пен офицер пайда табу үшін қасақана жасаған екен. Неткен аярлық десенші! Досқа да осындай қастандық жасауға болады ма?

— Әй, қорғаушылар-ай! Қорғаушысыңдар ма? Зорлаушысыңдар ма? Не болып кеткен мына дүние? — деп күйіп-піскен Алдар аға ауыр күрсінді.

Ол енді алыс бір жолға шықты. Қайда бара жатыр? Сірә, Астана жақты бетке алды-ау шамасы...

С.ОЛЖАБАЙ



Көпірбай бала кезінен отшашуды жақсы көреді. Сағат дәл он екіні соққанда далаға атып шығып, балалармен қосыла отшашу атып, маз-мәйрам болады. Биыл да ол бірнеше отшашуды алдын ала дайындап қойды. Ауылдың үстін жап-жарық етіп, иттерді қасқыр келгендей шабаландырып, қызыққа бір батпақ.

ОТШАШУ



Ол сағаттың соғылғанын асыға күтті. Етті бағана жеп алған. Теледидар алдына келіп, жайғасып отырып алды. Қасында бір көкмойын сөрайып тұр. Әншейінде келе қалатын он екісі құрғыр мысықтабандап алға жылжымай-ақ қойды. Кино көргенсіді, концерт тамашалады.

— Жаңа жылыңмен! — деп бәйбішесін күттықтады.

— Балалардан ұялмайсың. Атауынды ана бөлмеге барып іш, — деп бәйбішесі ұрысты.

— Осы сенің-ақ қабағың бір ашылмайды. Енді Жаңа жылда ішпегенде қашан ішемін? Мереке емес пе? — деп Көпірбай себеп-салдарын көлденен қойды.

— Сен мереке болмай-ақ қу арағыңды қоймайсың, — деп бәйбішесі тепсініп сыртқа шығып кетті.

Осы сәтті пайдаланып, Көпірбай қырлы стаканға шөпілтете құйып, бір толғап, тартып жіберді. Мандайынан шып-шып тер сорғалады.

— УФ! Жаным кіріп қалды ғой, — деп Көпірбай дәсорамалын алып, тершіген мандайын сүртті.

Осыдан соң-ауақыт жүріп кеткендей болды. Міне, сағат тілі он екіге қарай сырғып барады. Көпірбай стаканға тағы да арақ құйып, қонырау соғылған сәтті тағатсыздана күтті. Сағат тілі дың-дың етіп соғылғанда Көпірбай баяғыда сүйегіне қына шығып кеткен әкесі тіріліп келгендей қуанып, сайтансуды «А, жарықтық! Төмен қарай зула!» — деп комағай тамаққа тастап кеп жіберді.

Сосын отшашуларды алып, далаға атып шықты. Күкіртін алып, отшашуды

аспанға қарай бағыттады. Тұс-тұстан тарсыл-гүрсіл көбейді. Балалар шулап маз. Көпірбай да көңілді. Немерелерімен жарысып бірнеше отшашуды атып тастады.

Кенет «Ойбай! Өрт шықты! Өрт!» деген біреудің жан дауысы шықты. Қараса Көпірбайдың қорадағы шөбі өртеніп жатыр. Ала жаздай арбамен тасып жинаған қайран дүние көз алдында күлге айналып барады. Көпірбай жалмажан құдыққа қарай жүгірді. Қауғамен су тартып, шелекке құйып, жанып жатқан шөпке шашты. Оған көршілер де көмекке келді. Бірақ екпіндеп алған өрт бой берер емес. Қызыл жалын Көпірбайға жылан болып көрінді. Қып-қызыл тілін сумаңдатып, шөпті жалмап барады. Әлден соң бір шөмеде шөптің күлі ғана қалды.

— УФ! — деп жерге шөкелеп отыра кетті Көпірбай.

— Атауынды ішкір! Іш енді арақты. Малыңа шөпті енді қайдан тауып берер екенсің? — деп онсыз да іші өртеніп отырған Көпірбайды бәйбішесі табалады.

— Баламен бала болып, отшашу шашқан сенің не теңің? Ата сақалың аузыңа түскенше не арағыңды, не отшашуыңды қоймадың. Мына елге енді қай бетіңмен қарайсың? — деп бәйбішесі одан сайын жерлей түсті.

Көпірбай отшашулардың босап қалған құтыларын жинап жүр.

— Малыңа енді соларды берерсің, — деп бәйбішесі тағы бірнәрсені бастап келе жатыр еді, Көпірбай қолындағы таяқтың бірін әйеліне қарай атып жіберді.

Бәйбіше мысықша баж ете қалып, үйге кіріп кетті. Ұрынарға қара таппай жүрген Көпірбай үйінді күлге айналған шөбінің орнына келіп, қара жерді бір тепті.

— Биыл ауыл үстіндегі отшашу былтыр-

ғыдан көп әрі әсерлі болды. Оған мен де жақсы үлес қостым, — деп Көпірбай қасына келген көршісіне мактанды.

— Жүдә жақсы отшашу болғаны соншалық, шөбінің жалыны да ауылды жап-жарық етіп жіберді, — деп көршісі мысқылдай күлді.

Көпірбай оның мысқылын өзінше жорыды. «Менің отшашуды басқалардан көп шашқанымды көре алмай тұр» деп ойлады.

Иә, әркім әрқалай күледі. Ертесіне бүкіл ауыл «Көпірбай көкенің отшашуы керемет болды» деп шуласты. Көпірбай келесі жылы бұдан да көп отшашу алып қоймаққа бекінді.

Келесі күні ол көршілеріне барып, бір арқа шөп сұрап жүрді. «Көктемге дейін әлі қанша уақыт бар? Малыңды сатсаң да шөп алсаңшы» дейтін біреу әзірге табылмай тұр. Алайда Көпірбайдың Көпірбай аты ұмытылып, «Отшашу» атанды.

Соңғы күндері Көпірбайдың түсіне кілең бір жыландар кіретін болып жүр. Қызыл тілдерін жылт-жылт еткізіп көрпесіне қарай жақындап келе жатады. Көпірбай шошып, айқайлап оянады. «Мынаны жың иектейін деп жүр ме?» деп бәйбішесі қорқа бастады.

Міне, Көпірбай көкеміз тағы да түс көріп жатыр. Аспанға атылған отшашу түрлі өрнек салып жайылды да төмен құлдилағанда алып жыланға айналды.

— Жылан! Жылан! — деп орнынан атып тұрған Көпірбайды бәйбішесі тыныштандырып, таңдайын басты.

Артыңша, ауыл молдасының үйіне қарай кетіп бара жатты. Кім біледі, ұшықтатып жібермесе болмас...

С. ДӘНІҚҰЛҰЛЫ



ЖАҢЫЛТПАШТАР

Жамал амал іздесе де,
Самал амал іздемеді.
Жамал амал іздегенде,
Самал неге амал іздемейді?
Самалдың бар ма басқа көздегені?

Айбар асығып жүр,
Айдар ашығып жүр.
Айбар асығып жүріп,
Ашығып қалмасын!
Айдар асығып та,
Ашығып та қалмасын!

Айым шәйнек сындырды,
Қайым әйнек сындырды.
Шәйнекті Айым сындырды,
Әйнекті Қайым сындырды.

— Орал Оралдан оралды ма?
Оралдан Омар оралды ма?
— Орал, Омар, Арал, Марал,
Яғни, олар Оралдан оралды.

Адам ата мен Хауа анадан
Абыл мен Қабыл туады.
Қабыл мен Абыл
Хауа ана мен Адам атадан туады.
Сонда Абыл Қабылдың ағасы ма?
Әлде Қабыл Абылдың ағасы ма?
— Абыл — Қабылдың ағасы, — дейді
Жаңыл да, Табыл да,
Оны өзін зерттеп,
зерделеп қабылда!

Қанағат «Қағанаттың»
тағамына қанағаттанды,
Жамағат та «Қағанаттың»
тағамына қанағаттанды.
Қанағат «Тағамның» да
тағамына қанағаттанды,
Жамағат та «Тағамның»
тағамына қанағаттанды.
Қанағат та, жамағат та
«Қағанат» пен «Тағамның»
тағамына қанағаттанды.
«Қағанат» пен «Тағам» да
Қанағат пен жамағаттың
тағамға деген
талғамына қанағаттанды.
Ескерту: «Қағанат» пен
«Тағам» — асхананың аты.

Шопыр лағып кетті,
Лағып кетті де,
Бір лақты қағып кетті.
Бір лақ лағып кетті,
Лағып кеткен лақты,
Шопыр қағып кетті.
Лаққан лақ айыпты ма?
Лаққан лақты қаққан айыпты ма?
Оны бағалатшы байыптыға,
Жазасын берсін лайықтыға.

Бақыттың бағы шапты,
Жақыптың бабы шапты.
Сақыптың бағы да, бабы да шапты.
Бақыттың бағы — бабы,
Жақыптың бабы — бағы.
Сақыптың бағы да, бабы да — бағы!
Бақыттың бағы шапсын,
Жақыптың бабы шапсын,
Сақыптың бағы да, бабы да шапсын!
Бақыт та, Жақып та, Сақып та
бақ тапсын!

КҮЛКІ КЕРУЕНІ

ЖАТЫНАТАР ЖАҢЫЛТПАШ

Ат жемейтін,
Ащы шөптің
Шыққаннан,
Шықпағаны жақсы ма?
Шықпағанынан
Шыққаны жақсы ма?

Домбай мен Омбай
Дойбы ойлады.
Омбай ойбай ұтылып,
Ойбайлады.

Ойбай лаған
Омбайға
Домбай қой-қойлады.

Ауым-сауым,
Үйпа-түйпа,
Салдыр-салақ.
Бұл кім?
Кеп тұр күлкім.

Жып-жшақм,
Тап-таза,

Түп-түзү,
Бұл кім?
Ұқыпты болуға ұмтыл!

Мамам
Банан берді.
Бананды маған бермей,
Оған берді.
Оған бермесе,
Ойбайлап дау іздейді.
Бананың қазақшасын
«Мәуіз» дейді.

Табанынан
Тік тұрдым.
Ботқаны отқа қойып
Бұқтырдым.
Бұқтырып қойған ботқам
Бөтбырық боп,
Түбі күйді.
Әбігерге түсіп
Әрі-бері жүрді де,
Дәрігерге
«Дәрі бер!» деді.
Дәрігер дәрі беріп,
Бәріп емдеді.



ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

25 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

Былтыр әлемде смартфон сатылымы 4 пайызға артты, 1,24 млрд дана сатылған. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 6,4 пайызға (1,16 миллиард дана сатылды) артық. Соңғы екі жылда бұл нарықта құлдырау байқалған еді. Counterpoint Technology Market Research биыл қаңтарда жарияланған зерттеуінде ақылды қалтафон сатушы үздік үштікке Samsung, Apple және Xiaomi кірген. Былтыр құны 1000 АҚШ долларынан асатын ультрапремиум смартфондар көп сатылған.



лық компания 2023 жылы 226,6 миллион смартфон сатқан болатын.

ХИАОМИ ЖЫЛДАМ «ӨСТІ»

Ал үшінші орында – Xiaomi, әлемдік нарықтағы үлесі – 14%. Аталмыш Қытай компаниясы былтыр бес жетекші бренд арасында ең жылдам өсім көрсетті. Техносарапшылар Xiaomi нарыққа премиум сападағы құрылғылар ұсыну нәтижесінде 12 пайыздық өсімге қол жеткізе алғанын айтты. Xiaomi – қытайлық смартфондарға тұтынушылар сенімін ұялатуға септескен үздік бренд деуге болады. Xiaomi қалтаға қонымды құрылғыдан бастап құны



ұсынады: мысалы, тұрмыстық техникаға арналған әмбебап ИК-пульта, екі құрылғы арасында файлдарды сымсыз тасымалдау мүмкіндігі және тағы басқа. Алайда кейде бұл функциялар кәте жұмыс істеп, кириллица немесе жергілікті қосымшаларға толық үйлеспей жатады (мысалы, NFC мәселесінде еуропалық стандарттар қытайлықтарға сәйкес келе бермейді). Сондықтан белгілі бір үлгіні таңдамас бұрын толық шолуына зер салған абзал. Компанияның көп сатылған құрылғылары – Xiaomi 11, Xiaomi 12, Redmi және POCO (M5, X4, F4).

СМАРТФОНДАР САЙЫСЫ

Counterpoint зерттеу бөлімінің жетекшісі Тарун Патактың айтуынша, 2024 жыл алдыңғы қиын сәттерден кейінгі (әсіресе, 2023 жылы соңғы онжылдықта ең төменгі сатылым көрсеткіші тіркелді – сатылым 3,2 пайызға төмендеген еді) тұрақтандыру жылы болды. «Смартфон адамның күнделікті тұрмысына аса қолайлы өнім болып қала бермек. Әрі макроэкономикалық қысымның әлсіреуі себебінен былтыр бұл нарық барлық аймақта (әсіресе, Еуропа, Қытай және Латын Америкасы) оң динамика көрсетті», – деп атап өтті сарапшы.

SAMSUNG 12 ЖЫЛ «ТАҚТАН» ТҮСПЕДІ

2024 жылы аталмыш саланың көшбасшысы – Samsung болды. Бұл компания 2010 жылдан бері аттай 12 жыл бойы тақтан түспеді, тек 2023 жылы Apple-ге есе жіберген болатын. Былтырғы жылдық сатылымы 1 пайызға артып, Оңтүстік Корея өндірушісінің нарықтағы үлесі 19% деп бағаланды. Galaxy S24 сериялы смартфон жасанды интеллектімен жабдықталған құрылғы ретінде ұсынылып, Батыс Еуропа мен АҚШ-та көп сатылды. Соңғы бірнеше жылда Samsung компаниясы Apple-ге қарсы айқын қақтығыс бастағандай. Олардың әрбір флагманы «бізде жақсы экран/

процессор/камера» деп айқайлап тұрады. Жоғары деңгейдегі үлгілері қымбат, сапалы құрастырылады және танданардык сипаттамаларға ие. Apple-ден айырмашылығы, Samsung компаниясында әртүрлі бағада көптеген үлгідегі құрылғы бар. Кореялік брендің басты кемшілігі – One UI қабығы. Бұл базалық Android жүйесіне қосылатын қабат, ол интерфейстің сыртқы көрінісін өзгертеді. Дегенмен бренд үш негізгі тұғырға негізделген: камера, құрастырылу сапасы (сапалы металл мен пластик, былғары элементтер, ешқандай саңылаулар жоқ) және жарқын дисплейлер. Көп сатылған құрылғылары – Galaxy Z (Flip 4, Fold 4, Flip 3 5G), Galaxy S (S21, S22, S22+, S22 Ultra) және Galaxy A (A52, A32, A73).

APPLE-ГЕ БІР ЖЫЛ БҮЙЫРДЫ

Counterpoint Technology Market Research зерттеуіне сәйкес, былтырғы рейтингте екінші орын Apple-ге бұйырды, нарықтағы үлесі шамамен 18%. Алайда бұл компанияның жыл-



дық сатылымы 2 пайызға төмендеді. iPhone 16 сериясы жайлы тұтынушылар екіұдайы пікірде болады. Құрылғыны сынағандар «уәде етілген» Apple Intelligence жасанды интеллект жабдығының болмауына наразы болды. Дегенмен Apple Латын Америкасы, Африка және Азия-Тынық мұхиты аймағында белсенді сатылды.

Apple смартфон өндіру және сату бойынша соңғы онжылдықтағы рекордын жаңартып, 2023 жылы алғаш рет көшбасшы болды. IDC мәліметіне сүйенсек, 2023 жылдың қорытындысы бойынша компанияның жеткізілім көлемі 3,7 пайызға өсіп, 234,6 миллион данаға жетті. Apple-дің әлемдік нарықтағы үлесі 20,1%, ал Samsung компаниясының үлесі 19,4% болды. Оңтүстік Корея-

Былтыр бүктелетін смартфондардың әлемдік сатылымы 2023 жылмен салыстырғанда, 49 пайызға артты, ал Huawei компаниясы алғаш рет осы салада ең ірі өндіруші атанды.

едәуір қымбат тұратын люкс жабдықтарға дейін нарыққа шығара алды. Xiaomi компаниясының фирмалық қабығы (Android жүйесіне қосылатын қабат) көптеген стандарттан тыс қызметтер

HUAWEI – БҮКТЕЛЕТІН СМАРТФОН ҮЗДІГІ

Былтыр бүктелетін смартфондардың әлемдік сатылымы 2023 жылмен салыстырғанда, 49 пайызға артты, ал Huawei компаниясы алғаш рет осы салада ең ірі өндіруші атанды. Бүктелетін дисплейі бар смартфонды 5G байланысымен жабдықтау алғаны үшін Huawei айтарлықтай нәтиже көрсетті: бұл құрылғылардың жылдық сатылымы 257 пайызға артты, ал қытайлық өндірушінің нарықтағы үлесі 14%-дан 35%-ға дейін өсті. Усылайша, Huawei компаниясы Samsung-ті (жылдық сатылымы 42%-ға төмендеді) қапыда қалдырып, бүктелетін экранды смартфондар нарығында жетекші орынға шықты.

Counterpoint зерттеуінде 2024 жылдың бірінші тоқсанында кітап тәрізді жабылатын құрылғылар бүктелетін смартфондардың нарығында 55 пайыздық сатылымға ие болды. Мұндай иілгіш жабдықтардың сатылымы 2021 жылдан бері алғаш рет үздік нәтиже көрсетті. Жалпы алғанда, бүктелетін құрылғылар нарығы әртүрлі брендтер, соның ішінде OnePlus және Vivo сияқты компаниялардың жаңа үлгілерінің пайда болуымен белсенді дамып келеді.

Асыл ТҰМАР



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай Байыржанқызы –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4548
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,